

«Білім Талапкерінің Мәтіндері»

مُتَوَكِّفَاتُ
طَالِبِ الْعِلْمِ

БІЛІМ ТАЛАПКЕРІНІҢ
МӘТІНДЕРІ

المُسْتَوَى الْأَوَّلُ

Бірінші деңгей

Кітап авторы


ДОКТОР АБДУЛ-МУХСИН ИБН МУХАММАД ӘЛ-ҚАСИМ

Пайғамбар ﷺ мешітінің имамы


مترجم إلى اللغة الكازاخية

БІЛІМ ТАЛАПКЕРІНІҢ МӘТІНДЕРІ

Сайтты шолу және кітаптарды жүктеп алу үшін QR
кодты сканерлеңіз



a-alqasim.com

A decorative border with intricate floral and scrollwork patterns in black, framing the central text. The border is composed of four corner pieces and four side pieces, connected by horizontal and vertical lines.

БІЛІМ ТАЛАПКЕРІНІҢ МӘТІНДЕРІ

Кітап авторы

**Доктор Абдул-Мухсин ибн Мухаммад әл-Қасим
Пайғамбар ﷺ мешітінің имамы**

БІРІНШІ ДЕҢГЕЙ



КІРІСПЕ

Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын!

Барлық мақтау әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән және оның салауаты мен сәлемі ардақты пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және барлық сахабаларына болсын. Содан соң:

Расында, шариғи білім Аллаһқа жақындататын ең ұлы құлшылықтардың бірі, онымен адам екі дүниеде де жоғары дәрежеге жетеді. Сол дәрежелерге жету үшін білімнің асылдарын жаттау қажет. Сондықтан, осы тақырып турасында айтылғандай ¹ : «Кім асылдарды жаттаса, білімге жетеді. Ал, сол асылдарды жаттамай, одан алшақтаса, құр қалады және үзілісі ұзаққа созылып, солай адам жиған-терген білімін жоғалтады. Тіпті, білімде дәрежесі аспанға жетті деп ойласа да!»

Ғалымдар білім алуды жеңілдету үшін әр түрлі пәндерде жатталатын мәтіндерді белгіледі. Сол

¹ Бұл сөздің авторы әкем (Аллаһ оны мейіріміне бөлесін).

мәтіндерді жаттаумен олардың білімдері жер-жерге тарады және көптеген ғасырлар бойы үмметке білімдерінің пайдасы тиді.

Білім талапкеріне жаттау өте маңызды болғандықтан, саны 22 мәтінге жететін ең пайдалы, әр түрлі пәндердегі мәтіндерді жинап, оларды 6 деңгейге бөлдім.

Алғашқы бес деңгейдің мәтіндерін өңдеп, тексеру барысында 600-ден таңдап алынған 230 түпнұсқаға сүйендім. Ол түпнұсқаларды әлемнің әр түрлі кітапханаларынан жинадым.

Сондай-ақ, әр мәтіннің алдында, мәтін қай түпнұсқадан алынғанын жаздым. Сонымен қатар, сөздерді мағыналарына сай түзетіп харакаттарын қойып, керек жерлерге сандық белгілерді де қойдым.

Бұл бағдарламаны «Білім Талапкерінің Мәтіндері» – деп атадым. Оған бастауыш талапкер де мұқтаж және бітірген түлекке де пайдасы зор.

Бұл кітаптан мәтіндерді бекітуде қолданылған жазбаша түпнұсқалардың айырмашылығын көрсететін сілтемелерді алып тастадым. Бұның басты себебі, талапкерге кітапты жаттауға жеңілдету. Сондай-ақ, оның барлығын осы кітаптың басқа нұсқасында бекіттім.

Бұл деңгейлердің мәтіндері төмендегідей:

❖ **Бастауыш деңгей:** «Зікірлер мен Әдептер»

❖ **Бірінші деңгей:**

- 1) Үш негіз және олардың дәлелдері;
- 2) Төрт ереже;
- 3) Мұсылманшылықты бұзатын нәрселер;
- 4) Қырық хадис.

❖ **Екінші деңгей:**

- 1) Тухфатул-Атфал фи тәджуидил-Қуран;
- 2) Намаздың шарттары, тіректері және уәжіптері;
- 3) Таухид кітабы.

❖ **Үшінші деңгей:**

- 1) Байқуни назмы (Хадис терминологиясы);
- 2) Абу Исхақ әл-Илбири назмы(Әдеп);
- 3) Әл-Әджуррумия (Араб грамматикасы);
- 4) Уасатия ақидасы.

❖ **Төртінші деңгей:**

- 1) Әл-Уәрақат (Фикһ асылдары);
- 2) Ынуәнул-Хикәм (Әдеп);
- 3) Әр-Рахабия (Мирас ілімі);
- 4) Әт-Тахауия ақидасы

❖ **Бесінші деңгей:**

- 1) Булуғ әл-Марам (Хадис жинағы);

2) Зәдул-Мустақниғ (Фикһ);

3) Ибн Мәликтің Әлфиясы (Араб грамматикасы).

❖ **Алтыншы деңгей:**

1) Екі сахих кітабының жинағы;

2) Әл-Бухари мен Муслимде жеке келген хадистер;

3) Екі сахих кітабына қосымша келген хадистер.

Аллаһ Тағаладан барлығымызға ниеттерімізде ықылас, жақсы сөз бен амал және барлық істерімізде тақуалық сұраймын. Аллаһтың салауаты мен сәлемі пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және барлық сахабаларына болсын.

Доктор Абдул-Мухсин ибн Мухаммад әл-Қасим

Пайғамбар ﷺ мешітінің имамы

Мәтіндерді жаттаудағы ең жеңіл жол

Мәтіндерді жаттауда тұрақты болу, күнделікті жаттайтын мөлшерді көбейтпеу және жаттауда асығыстық жасамау. Бұл ғалымдардың жолы. әз-Зухри (Аллаһ оны мейіріміне бөлесін) айтты: «Біз бұл білімді бір-екі хадистеп, бір-екі мәселелеп жинадық».

Жаттайтын нәрсе мәтін немесе хадис болады, немесе жай сөйлемдер немесе назм (өлең шумақтары) болады.

❖ Жатталатын мәтіндердің мөлшері:

- 1) Егерде мәтін хадис болса, күніне үш хадис жатта.
- 2) Егерде мәтін жай сөйлемдерден тұрса, күніне бес жолдан асырма.
- 3) Егерде мәтін назм болса, күніне үш шумақ жатта және одан асырма.

❖ Мәтіндерді жаттау тәсілі:

- 1) Жаттағың келген мөлшерді жаттап ал да, оны жатқа 20 рет айт. Жаттауға ең жақсы уақыт таң намазынан кейінгі уақыт.
- 2) Таң намазынан кейін жаттаған мөлшерді аспр немесе мағриб намазынан кейін 20 рет жатқа айт.
- 3) Келесі күні жаңа жатталатын мөлшерді бастамас бұрын, кешегі жаттаған мөлшерді 20 рет жатқа айт.

4) Содан соң мәтіннің басынан бастап, жаттаған жеріңе дейін жатқа оқып шық.

5) Содан кейін жаңа сабақты сол тәсілмен жатта.

6) Осы тәсілді мәтінді түгелімен жатталып, бекемделіп қалғанша күнделікті қолдан.

Осы тәсілді барлық мәтінді жаттауда қолдан да, кітаптарды оқуды, қайталауды, ғалымдардың сабағына қатысуды, олардың қасында жүріп, білмеген нәрселерді сұрау қажет екенін ұмытпа.

Жаттау тек қана көп қайталаумен ғана жүзеге асады. Бұл – білімде бекем болған ғалымдардың әдеті. Абу Исхақ әш-Ширози (Аллаһ оны мейіріміне бөлесін) жаттағанын 100 рет қайталаушы еді. әл-Һәрроси (Аллаһ оны мейіріміне бөлесін) 70 рет қайталайтын. Аз қайталау ұмытуға себеп болады. Ибн әл-Жәузи (Аллаһ оны мейіріміне бөлесін) айтты: Бізге Хасан айтты: Бір фақих ғалым сабақты үйінде бірнеше рет қайталады. Сонда оған үйіндегі әже: «Уаллаһи! Тіпті оны мен де жаттап алдым!»—деді. Оған ғалым: «Ал, қайталап бер!»—деді. Әже оған қайталап берді. Бірнеше күн өткеннен соң ғалым әжеге: «Әй, Әже! Алдыңғы дәрісті қайталап берші!» — деді. Әже оған: «Мен ұмыттым!» — деді. Сонда ғалым: «Сен ұшыраған нәрсеге ұшырап қалмас үшін, Мен жаттағанымды көп қайталаймын!» — деді.

Мәтіндерді қайталаудағы ең жеңіл жол

Егер шариғи пәндерден әр түрлі мәтіндерді жаттаған болсаң, ендеше сол жаттап алғаныңды есте сақтауда тұрақты және ойында тұру үшін әрі дәлел келтіргенде тез айту үшін, оны қайтала. Жаттағанды бекіту үшін көмек болатын нәрсе – жаттаған мәтіндерді басқа біреуге жатқа айтып беру.

❖ Мәтіндерді қайталау әдісі келесідей:

- 1) Күн сайын екі бетті қайтала және оларды 20 рет жатқа айт.
- 2) Келесі күні, жаңа қайталауды бастамас бұрын, кеше қайталағанды 5 рет жатқа айтып шық.
- 3) Одан кейін екі бетті 20 рет жатқа айтып қайтала, осылайша күн сайын мәтіннің соңына дейін қайталап шық.
- 4) Егер де бірінші мәтінді қайталап шығуды аяқтасаң, онда мәтінді түгел бітіргенге дейін, күніне бес беттен жатқа оқы.
- 5) Егер бірінші мәтінді бес беттен қайталап шықсаң, одан кейін дәл осылай екінші мәтінді қайталауды баста.
- 6) Аптасына бір күн тек сол аптада қайталаған мәтінді жатқа айтып шық және сол күні жаңа мөлшерді қайталауды тоқтата тұр.

7) Осы жолмен жаттаған мәтіндеріңді меңгерсең, бір айда барлық жаттаған мәтіндеріңді қайталап шыққан боласың.

Мәтіндерге ұсынылатын түсініктемелер:

❖ Бірінші деңгей:

- 1) Үш негіз және оның дәлелдері; Мухаммад ибн Иброһим
- 2) Төрт ереже; Солих әл-Фаузан
- 3) Мұсылманшылықты бұзатын нәрселер; Солих әл-Фаузан
- 4) Имам ән-Нәуәуидің қырық хадисі; Ибн Ражаб

❖ Екінші деңгей:

- 1) Құран тәжуиді; әл-Жәмзури
- 2) Намазды дұрыс оқу; ибн Баз
- 3) Таухид кітабы; ибн Қасим

❖ Үшінші деңгей:

- 1) Байкуни хадис терминологиясы; Хасан әл-Машшат
- 2) Абу Исхақ әл-Илбири;
- 3) Әл-Әджуррумия араб тілі грамматикасы; Мухаммад ибн Усеймин
- 4) Уасатия ақидасы; Мухаммад ибн Иброһим

❖ Төртінші деңгей:

- 1) Әл-Уәрақат усул фикһ ережелері; Абдуллаһ әл-Фаузан
- 2) Әл-Хикәм;
- 3) Әр-Рахабия мирас ілімі; ибн Қасим
- 4) Әт-Тахауия. Ибн Абу әл-Ъизз

❖ Бесінші деңгей:

- 1) Булуғ әл-Марам; Абдуллаһ әл-Фаузан
- 2) Зәдул-Мустақниъ; ибн Қасим
- 3) Ибн Мәликтің Әлфиясы; ибн Ғақил

Оқуға ұсынылатын кітаптар

Бірінші деңгей:

- 1) Құранды алып жүрушілердің әдебі туралы баяндама; Ән-Нәуәуи.
- 2) Қөркем сөздердің жауыны; Ибн әл-Қайим.

Екінші деңгей:

- 1) Үлкен күнәлар; әз-Зәһәби.
- 2) Пайғамбардың ﷺ өмірбаянынан тараулар; Ибн Касир

Үшінші деңгей:

- 1) Жеткілікті жауап; Ибн әл-Қайим
- 2) Құлшылық; Ибн Теймия

Төртінші деңгей:

- 1) Рухтарды айдаушы; Ибн әл-Қайим
- 2) Ой-пікірді аулау; Ибн әл-Жаузи

Бесінші деңгей:

- 1) Ұлы Құранның тәпсірі; Ибн Кәсир.
- 2) Қайтар күнге дайындық; Ибн әл-Қайим

* * *

Содан кейін шейх әл-Ислам ибн әт-Теймия мен Ибн әл-Қайимнің қалған кітаптарын оқыңыз. Ибн Касир, Ибн Ражаб, Әз-Зәһәби және басқа сәләф ғалымдардың кітаптары.

**Мұсылманшылықты
бұзатын нәрселер**

*** Мәтінді тексеріп өңдеуде қолданылған нұсқалар:**

- Король Абдулазиз атындағы қоғамдық кітапханасындағы жазбаша нұсқа, Эр-Рияд – Сауд Арабиясы – No (3687), жазылған жылы: 1281 h.ж.
- Сауд Арабиясы Король Сауд университетіндегі жазбаша нұсқа - No (1091/2/МАД), жазылған жылы: 1287 h.ж.
- Сауд Арабиясы Король Сауд университетіндегі жазбаша нұсқа - No (2334/2/МАД), жазылған жылы: 1322 h.ж.
- Жазбаша нұсқа, Король Фейсал орталығы - Сауд Арабиясы - No (2938/10/Ф), жазылған жылы: 1325 h.ж.
- Король Абдулазиз атындағы қоғамдық кітапханадағы жазбаша нұсқа, Эр-Рияд – Сауд Арабиясы – No (435), жазылған жылы: 1327 h.ж.



Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен!

Біл – Расында, Ислам дінін бұзатын ең қатерлі он нәрсе бар.

Біріншісі: Ширк – Ол Аллаһ Тағалаға құлшылық ғибадатында серік қосу.

Аллаһ Тағала айтты:

﴿إِنَّ اللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَنْ يُشْرَكَ بِهِ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ﴾

«Аллаһ Өзіне серік қосқанды кешірмейді, ал бұдан кіші күнәні қалаған кісісіне кешіреді.» Оған мысал Аллаһтан басқаға арнап құрбан шалу, жынға немесе қабірге болсын.

Екіншісі: Кімде-кім, Аллаһ пен және өзінің арасында ортаға біреуді салса (делдал), одан дұға тілесе, шапағат сұраса, оған тәуекел ететін болса, иджамағ бойынша діннен шығады.

Үшіншісі: Кімде-кім, мушриктердің кәпір екендігін мойындамаса немесе олардың күпірлігіне күмәнданса немесе олардың жолын дұрыс деп санаса, иджамағ бойынша діннен шығады.

Төртіншісі: Кімде-кім Пайғамбарымыздың ﷺ тура жолынан басқа кәміл тура жол бар деген сенімде (ақидада) болса немесе Оның ﷺ үкімінен басқа жақсы үкім бар деген сенімде (ақидада) болса, тағуттың үкімін Оның ﷺ үкімінен абзал көретіндер сияқты, ол адам діннен шығады.

Бесіншісі: Кімде-кім, Аллаһ елшісі ﷺ алып келген нәрсені жек көретін болса, тіпті соған амал қылып жүрсе де, иджамағ бойынша діннен шығады. Оған дәлел:

﴿ذَلِكَ بِأَنَّهُمْ كَرِهُوا مَا أُنْزِلَ اللَّهُ فَاحْبَطَ أَعْمَلَهُمْ﴾

(Өйткені, олар Аллаһтың түсіргенін (яғни, Құранды) өздерінше жаратпады. Сол үшін Аллаһ олардың бүкіл істерін зая қылды.)

Алтыншысы: Кімде-кім, Аллаһтың дінін келемеж ететін болса, тіпті діндегі сауапты және жазалауды, діннен шығады. Оған дәлел :

﴿قُلْ أَبِاللَّهِ وَآيَاتِهِ وَرَسُولِهِ كُنْتُمْ تَسْتَهْزِءُونَ * لَا تَعْتَذِرُوا

قَدْ كَفَرْتُمْ بَعْدَ إِيمَانِكُمْ﴾

(Аллаһпен, оның аяттарымен және елшісімен күлкі қылдыңдарма, үзір іздемеңдер! Сендер иман келтіргеннен кейін кәпір болдыңдар.)

Жетіншісі: Сиқыр – соның ішінде ажырату мен қосу, сондықтан кім бұны істесе немесе оған риза болса, ол діннен шығады. Оған дәлел:

﴿وَمَا يَعْلَمَانِ مِنْ أَحَدٍ حَتَّى يَقُولَا إِنَّمَا فَخْرُ فِتْنَةٍ فَلَا تَكْفُرُ﴾

{ Ол екеуі: «Біз тек сынақ ретінде жіберілдік. Ендеше (бұл тылсым ілімді теріс пизылмен қолданып) кәпір болып кетпе!» – деп ескертпейінше, ешкімге үйретпеген. }

Сегізінші: Мүшріктерді қолдау және оларға мұсылмандарға қарсы көмектесу, оған дәлел:

﴿وَمَنْ يَتَوَلَّهُمْ مِنْكُمْ فَإِنَّهُ مِنْهُمْ إِنَّ اللَّهَ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الظَّالِمِينَ﴾

{ Сендерден кім оларды дос тұтса, сонда күдіксіз ол олардан. Расында, Аллаһ залым елді тура жолға салмайды. }

Тоғызыншысы: Кімде-кім, Хидр ﷺ Мусаның ﷺ шариғатына ермегендей, кейбір адамдарға Пайғамбарға ﷺ еру міндет емес деп сенсе, ол діннен шығады.

Оныншысы: Аллаһ Тағаланың дінінен бет бұрса, оны үйренбесе, оған амал жасамаса. Оған дәлел:

﴿وَمَنْ أَظْلَمُ مِمَّنْ ذُكِّرَ بِآيَاتِ رَبِّهِ ثُمَّ أَعْرَضَ عَنْهَا إِنَّا مِنَ
الْمُجْرِمِينَ مُنْتَقِمُونَ﴾

﴿Раббысының аяттары есіне түсіріліп, өзіне сол арқылы насихат айтылған соң олардан сырт айналған адамнан асқан залым бар ма?! Әрине, күнәһарлардың жазасын береміз. ﴾

Осы діннен шығаратын нәрселерді істеуде ешқандай айырмашылық жоқ, адам оны ойнап істесін, шындап істетін, қорқып істесін. Тек қана мәжбүрлі түрде істеген адамнан басқа.

Осылардың барлығы ең қатерлі және адамдардың ең көп түсетіні. Мұсылманға олардан сақтанып, оған түсіп қалудан қорқуы қажет.

Аллаһтың ашуына және азабына ұшырататын нәрселерден Өзінен пана сұраймыз.

Аллаһтың салауаты мен сәлемі Пайғамбарымыз Мухаммадқа ﷺ, оның отбасына және барлық сахабаларына болсын.

* * *

Аллаһқа мақтау айтумен кітап тәмәмдалды.



Төрт ереже



*** Мәтінді тексеріп өңдеуде қолданылған нұсқалар:**

- Жазбаша нұсқа, Король Фейсал орталығы - Сауд Арабиясы - No (5258), жазылған жылы: 1307 h.ж.

- Жазбаша нұсқа, Король Фейсал орталығы - Сауд Арабиясы - No (5265), жазылған жылы: 1338 хижра.

-Жазбаша нұсқа, Махмудия кітапханасы, Король Абдул Азиз кітапханасы– Сауд Арабиясы – No (1437).

- Жазбаша нұсқа, Махмудия кітапханасы, Король Абдул Азиз кітапханасы– Сауд Арабиясы – No (1921).

- Шейх Абдур-Рахман бин Насыр Әс-Саъди кітапханасындағы жазбаша нұсқа, Әл-Қасим - Сауд Арабиясы



Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен!

Ұлы Аршының Рабысы - Аллаһ Тағаладан саған бұл өмірде де, болашақ өмірде де пана болуын сұраймын. Ол сені, қайда жүрсең де, берекелі етсін және саған сый берілсе – алғыс айтушылардан, сынақ көрсең – сабыр етушілерден, күнә жасасаң – кешірім сұраушылардан етсін, өйткені осы үшеуі – бақыт негіздері болып табылады!

Біл, Аллаһ сені Өзіне бағынуға жетелейтін тура жолмен жүргізсін! Әл-ханифия – бұл Ибраһимнің діні. Мағынасы: Аллаһтың дінінде шын ықыласпен жалғыз Оған құлшылық ету. Аллаһ адамдарды осыған бұйырып және оларды сол үшін жаратты. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ﴾

﴿ Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым. ﴾

Аллаһ сені Өзіне құлшылық қылу үшін жаратқанын білген соң, Біл! Намаз – дәретсіз намаз болып саналмайтындай, құлшылық та таухидсіз (бірқұдайшылық) құлшылық болып саналмайды.

Егер денеден нәжістің шығуы дәретті бұзатын болса, дәл солай ширк те ғибадатқа (құлшылыққа) кірген кезде оны бұзып жібереді. Аллаһ Тағала айтқандай:

﴿مَا كَانَ لِلْمُشْرِكِينَ أَنْ يَعْمُرُوا مَسْجِدَ اللَّهِ شَاهِدِينَ عَلَى أَنْفُسِهِمْ بِالْكُفْرِ أُولَٰئِكَ حَبِطَتْ أَعْمَالُهُمْ فِي النَّارِ هُمْ خَالِدُونَ﴾

﴿Өздерінің кәпір екендігін (сөздерімен және істерімен) көрсетіп, соған өздері куәлік етіп отырған мүшіріктердің Аллаһтың мешіттерін көркейтуі (яғни, онда шын көңілмен қызмет етіп, шынайы түрде құлшылық етуі) ақылға сыятын іс емес. Өйткені, олардың (құлшылық орнын көркейтеміз деген желеумен) істеген бүкіл істері бекер. Олар тозақта мәңгі-бақи қалады.﴾

Егер сен, Ширк (Аллаһқа серік қосу) құлшылыққа араласса оны бұзатынын, амалдарды жойып жіберетінін және пендені тозақта мәңгі қалуға душар ететінін білсең, **мұны білу** – сен үшін ең маңызды міндет екені, енді саған айқын болды. Мүмкін, Аллаһ Тағала сені ширк деп аталатын торлы оқпаннан құтқаратын шығар.

Ал ол құтқарылу тек қана Аллаһ Тағаланың кітабында айтылған осы төрт ережені білумен ғана болады:

Бірінші ереже

Бұл ережеде білуің қажет: Аллаһтың Елшісімен ﷺ соғысқан кәпірлер Аллаһ Тағаланың – Жаратушы, Ризық беруші, Тірілтуші, Өлтіруші, барлық істің Басқарушысы екенін мойындаған. Бірақ оған қарамастан, бұл оларды Ислам дініне кіргізбеді. Мұны Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлелдейді:

﴿قُلْ مَنْ يَرْزُقُكُمْ مِنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ أَمَّنْ يَمْلِكُ السَّمْعَ وَالْأَبْصَرَ

وَمَنْ يُخْرِجُ الْحَيَّ مِنَ الْمَيِّتِ وَيُخْرِجُ الْمَيِّتَ مِنَ الْحَيِّ وَمَنْ يُدِيرُ

الْأَمْرَ فَسَيَقُولُونَ اللَّهُ فَقُلْ أَفَلَا تَتَّقُونَ﴾

(Аспан мен жерден сендерді кім ризықтандырады? Есту мен көру қабілеттеріңе кім иелік етеді? Өліден тіріні және тіріден өліні кім шығарады? Әрі істерді басқаратын кім? – деп сұра. Олар: Аллаһ! – деп жауап береді. Ендеше қорықпайсыңдар ма?! – деп айт.)

Екінші ереже

Олар былай дейді: Біз оларға өзімізді Аллаһқа жақындатуды және Оның алдында бізге шапағатшы болуды сұрап жалбарынамыз және жүгінеміз.

Мушпіріктердің **Аллаһқа жақындау мақсатымен дұға жасайтынын** Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлелдейді:

﴿وَالَّذِينَ اتَّخَذُوا مِنْ دُونِهِ أَوْلِيَاءَ مَا نَعْبُدُهُمْ إِلَّا لِيُقَرِّبُونَا إِلَى اللَّهِ زُلْفَىٰ إِنَّ اللَّهَ يَحْكُمُ بَيْنَهُمْ فِي مَا هُمْ فِيهِ يَخْتَلِفُونَ ۚ إِنَّ اللَّهَ لَا يَهْدِي مَنْ هُوَ كَاذِبٌ كَفَّارٌ﴾

(Ал, Одан басқа біреулерді өздеріне әулие етіп алғандар: Біз оларға тек, Аллаһқа едәуір жақындатсын деп қана құлшылық етеміз! – дейді. Расында, Аллаһ олардың өзара таласқандары жайында үкім етеді. Шын мәнінде, Аллаһ өтірікші және имансыз адамдарды тура жолмен жүргізбейді.)

Шапағатқа ие болу мақсатында жасалатын құлшылықтарға Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлел болады:

﴿وَيَعْبُدُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ مَا لَا يَضُرُّهُمْ وَلَا يَنْفَعُهُمْ وَيَقُولُونَ هَؤُلَاءِ شَفَعُونَا عِنْدَ اللَّهِ قُلْ أَتُذِنُونَ لِلَّهِ بِمَا لَا يَعْلَمُ فِي السَّمَوَاتِ وَلَا فِي الْأَرْضِ سُبْحَانَهُ وَتَعَالَى عَمَّا يُشْرِكُونَ﴾

(Олар Аллаһтан өзге зиян да тигізбейтін, пайда да әкелмейтін нәрселерге құлшылық етеді де: Бұл – біздің Аллаһтың алдындағы шапағатшыларымыз, - дейді. Сендер Аллаһқа, көктердегі әрі жердегі Оның білмеген нәрсесінен хабар бересіңдер ме? - де. Аллаһ, олардың қосқан серіктерінен пәк, жоғары.)

Ал шапағат ету екі түрге бөлінеді: теріске шығарылатын шапағат және бекітілген шапағат.

Теріске шығарылатын шапағат – ол, Аллаһтан өзгелерден, Оның ғана шамасы жететін нәрселерде сұралатын шапағат. Аллаһ Тағала былай деді:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا أَنْفِقُوا مِمَّا رَزَقْنَاكُمْ مِنْ قَبْلِ أَنْ يَأْتِيَ يَوْمٌ لَا بَيْعٌ فِيهِ وَلَا خُلَّةٌ وَلَا شَفْعَةٌ ۚ وَالْكَافِرُونَ هُمُ الظَّالِمُونَ﴾

(Әй, иман келтіргендер! Сауда да, сүйіспеншілік те, шапағат та, болмайтын бір күннің келуінен бұрын сендерге берген несібемізден Аллаһ жолында жұмсаңдар. Ал имансыздар — олар залымдар.)

Бекітілген шапағат – ол Аллаһтан сұралатын шапағат. **Сонда, шапағатшы** – шапағат етумен ардақталған, **ал шапағат етілетін кісі** – сөздері мен амалдарына Аллаһ разы болған адам болу керек. Сондай-ақ, шапағат ету тек Аллаһ рұқсат бергеннен кейін ғана мүмкін болады, бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай деді:

﴿مَنْ ذَا الَّذِي يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلَّا بِإِذْنِهِ﴾

{ Оның құзырында Өзінің рұқсатынсыз кім шапағат етеді? }

Үшінші ереже

Пайғамбар ﷺ түрлі объектілерге құлшылық ететін адамдарға жіберілді.

Олардың арасында періштелерге құлшылық ететіндер, пайғамбарлар мен әулиелерге (ізгілерге) құлшылық ететіндер, ағаштар мен тастарға құлшылық ететіндер және күн мен айға құлшылық ететіндер бар еді.

Аллаһтың Елшісі ﷺ олармен соғысты және олардың арасында айырмашылық жасаған жоқ. Бұған дәлел:

﴿وَقَاتِلُوهُمْ حَتَّى لَا تَكُونَ فِتْنَةٌ
وَيَكُونَ الدِّينُ كُلُّهُ لِلَّهِ﴾

﴿ Олармен ешбір бүлік қалмағанға дейін және дін бүтіндей Аллаһқа тән болғанға дейін соғысыңдар. ﴾

Күн мен айға құлшылық қылатындардың бар екеніне дәлел:

﴿وَمِنْ آيَاتِهِ اللَّيْلُ وَالنَّهَارُ وَالشَّمْسُ وَالْقَمَرُ لَا تَسْجُدُوا

لِلشَّمْسِ وَلَا لِلْقَمَرِ وَاسْجُدُوا لِلَّهِ الَّذِي خَلَقَهُنَّ

إِنْ كُنْتُمْ تُعْبُدُونَ﴾

﴿Түн мен күндіз, күн мен ай – Оның аяттарынан. Күнге де, айға да табынбаңдар, бірақ оларды жаратқан Аллаһқа ғана табыныңдар, егер сендер Оған ғана құлшылық ететін болсаңдар.﴾

Періштелерге құлшылық қылатындардың бар екеніне дәлел:

﴿وَيَوْمَ يُحْشَرُهُمْ جَمِيعًا ثُمَّ يَقُولُ لِلْمَلَائِكَةِ أَهْلُوا لَآئِيَاكُمْ كَانُوا يَعْبُدُونَ *

قَالُوا سُبْحَانَكَ أَنْتَ وَلِيِّنَا مِنْ دُونِهِمْ بَلْ كَانُوا يَعْبُدُونَ الْجِنَّ

أَكْثَرُهُمْ بِهِمْ مُؤْمِنُونَ﴾

﴿ Ол сол күні барлығын гарасат майданына жинайды. Содан кейін періштелерге: «Мыналар сендерге сиынатын ба еді?» – деп сұрайды. Періштелер: «Сен ұлысың, мінсізсің. Мүшіріктердің айтқанындай емессің, Сенің серігің де, ортағың да жоқ. Біздің иеміз де, қорғанымыз да бір Өзіңсің. Біздің оларға еш қатысымыз жоқ. Жо-жоқ, әсілі олар (бізге емес) жындарға табынатын әрі көбі соларға имандай сенетін», – деп жауап береді.﴾

Адамдардың пайғамбарларға құлшылық қылатындардың бар екеніне дәлел:

﴿وَإِذْ قَالَ اللَّهُ يَعْيسَى ابْنُ مَرْيَمَ ءَأَنْتَ قُلْتَ لِلنَّاسِ اتَّخِذُونِي وَأُمِّي
إِلَهَيْنِ مِنْ دُونِ اللَّهِ ۖ قَالَ سُبْحَنَكَ مَا يَكُونُ لِي أَنْ أَقُولَ
مَا لَيْسَ لِي بِحَقٍّ﴾

(Аллаһ: Әй, Мәриям ұлы `Иса! Сен адамдарға: «Мені және анамды Аллаһтан өзге екі тәңір етіп алыңдар, – деп айтқан ба едің? – дейді. Ол былай айтады: Сен пәксің! Оған құқығым болмаған нәрсені мен қалайша айта аламын? Егер солай айтқан болсам, онда оны білетін едің. Сен менің жанымдағыны білесің, ал мен Сенің Жаныңдағыны білмеймін. Расында, Сен – көместерді білушісің!)

Ізгілерге (әулиелерге) құлшылық қылатындардың бар екеніне дәлел:

﴿قُلِ ادْعُوا الَّذِينَ زَعَمْتُمْ مِنْ دُونِهِ ۖ فَلَا يَمْلِكُونَ كَشْفَ الضُّرِّ عَنْكُمْ
وَلَا تَحْوِيلًا * أُولَٰئِكَ الَّذِينَ يَدْعُونَ يَبْتَغُونَ إِلَىٰ رَبِّهِمُ الْوَسِيلَةَ
أَيُّهُمْ أَقْرَبُ وَيَرْجُونَ رَحْمَتَهُ وَيَخَافُونَ عَذَابَهُ ۚ
إِنَّ عَذَابَ رَبِّكَ كَانَ مَحْذُورًا﴾

(*Уа, Мухаммад!*) оларға: “Аллаһтан өзге (тәңір деп) ойлағандарыңды шақырыңдар. Олардың, қиыншылықтарыңды айықтыруға, сендерден бұрып, жіберуге шамалары келмейді” де. Олардың сиыңғандары (ізгілер) Раббыларына қайсылары жақын боламыз деп, уәсия ізденеді. Мейірімін үміт етіп, азабынан қорқады. ﴿

Ағаштар мен тастарға құлшылық қылатындардың бар екеніне дәлел:

﴿أَفَرَأَيْتُمُ اللَّاتَ وَالْعُزَّىٰ * وَمَنَاةَ الثَّالِثَةَ الْأُخْرَىٰ﴾

(*Ләт пен Узза туралы хабарлаңдаршы, және үшінші сұмпайы – Мәнәт (туралы) ﴾*

Сондай-ақ, Әбу Уәкид әл-Ләйсіден (Аллаһ оған разы болсын) келген хадисте: «Бірде Аллаһ елшісімен ﷺ бірге Хунайнға шықтық және біз Исламды жаңа қабылдаған едік. Мүшіріктердің көпке дейін жанынан шықпай, әркез береке тілей отырып қару жарақтарын ілетін (Зәт әл-ануат деген) талдары бар еді. Сол талдың жанынан өтіп бара жатқанда, Біз: "Уа, Аллаһтың елшісі! Бізге де сондай зәт ануат жасап берші,"– деп айттық. Сонда Аллаһ елшісі ﷺ айтты: "Аллаһу әкбар! (Аллаһ ұлы!) Бұл бұрынғылардың салты. Жаным қолында болғанмен ант етемін, сендер Исраил ұрпақтарының Мұсаға айтқан сөзін айтып тұрсыңдар":

﴿أَجْعَلْ لَّنَا إِلَهًا كَمَا لَهُمْ آلِهَةٌ﴾

*(Бұлардың тәңірлері сияқты бізге де тәңір жасап
бер.)*

Төртінші ереже

Қазіргі замандағы мүшіріктер жасап жүрген ширктерінде бұрынғы мүшіріктерден асқан. Өйткені, ерте замандағы мүшіріктер есендік кезінде Аллаһқа теңдес (серік) қосатын, бірақ бақытсыздық кездерінде Оған серік қоспай ықыласпен жалбарынатын. Ал, біздің кезіміздің мүшіріктері үнемі: есендікте де, бақытсыздықта да Аллаһқа теңдес (серік) қосады. Бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай деп айтты:

﴿فَإِذَا رَكِبُوا فِي الْفُلِ دَعَوْا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ فَلَمَّا نَجَّاهُمْ إِلَى

الْبَرِّ إِذَا هُمْ يُشْرِكُونَ﴾

﴿ Қашан олар кемеге отырса, Аллаһқа діндерін шын ықыласпен орындап, жалбарынады, ал Ол оларды құтқарып, құрлыққа шығарса, олар Аллаһқа серік қосады. ﴾

Аллаһ Тағала жақсырақ Білуші!

* * *

Аллаһқа мақтау айтумен кітап тәмәмдалды.

**Қабірде қойылатын
үш сұрақтың жауабы**

*** Мәтінді тексеріп өңдеуде қолданылған нұсқалар:**

- Жазбаша нұсқа, Король Фейсал орталығы - Сауд Арабиясы - No (5258), жазылған уақыты: 1307 h.ж.
- Жазбаша нұсқа, Король Фейсал орталығы - Сауд Арабиясы - No (5265), жазылған уақыты: 1338 h.ж.
- Жазбаша нұсқа, Сауд Арабиясы - Король Сауд университеті - № (2328).
- Жазбаша нұсқа, Сауд Арабиясы Король Сауд университеті - № (3979).
- Жазбаша нұсқа, шейх Абдур-Рахман ибн Насыр әс-Саъди кітапханасы, Сауд Арабиясы әл-Қасим қаласы.



Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен!

Біл, саған Аллаһтың мейірімі жаусын, бізге төрт мәселені үйрену парыз!

Бірінші: Білім - ол Аллаһты, Оның пайғамбарын ﷺ және Ислам дінін дәлелдермен тану.

Екінші: Оған амал ету.

Үшінші: Оған шақыру (дағуат ету).

Төртінші: Осы жолдағы қиыншылықтарға сабыр ету.

Бұған дәлел, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿وَالْعَصْرِ * إِنَّ الْإِنْسَانَ لَفِي خُسْرٍ * إِلَّا الَّذِينَ ءَامَنُوا وَعَمِلُوا

الصَّالِحَاتِ وَتَوَّصُوا بِالْحَقِّ وَتَوَّصُوا بِالصَّبْرِ﴾

﴿ Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен! Уақытпен ант! Шынында, бүкіл адамзат зиянда. Тек иман келтірген, ізгі амал жасаған, бір-біріне шындықты үгіттеген және өзара сабырға үгіттескендерден басқа. ﴾

Имам әш-Шәфиъи (Аллаһ оны мейіріміне бөлесін): "Егер де Аллаһ Өз жаратылыстарына бұл

сүреден басқа еш дәлел түсірмегенде, бұның өзі жеткілікті болар еді", - деген.

Имам әл-Бухари (Аллаһ оны мейіріміне бөлесін) былай деді: "Білім – сөздер мен амалдардан бұрын!" Бұған дәлел Аллаһтың келесі сөздері:

﴿فَاعْلَمْ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَاسْتَغْفِرْ لِذَنْبِكَ وَلِلْمُؤْمِنِينَ
وَالْمُؤْمِنَاتِ ۚ وَاللَّهُ يَعْلَمُ مُتَقَلَّبَكُمْ وَمَثَوْلَكُمْ﴾

(Біл, Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешкім жоқ және күнәларың үшін жарылқау тіле!)

Аллаһ сөздер мен амалдардан бұрын, білімнен бастады.

Біл, саған Аллаһтың мейірімі жаусын, әр мұсылман ер мен әйелге келесі үш мәселені үйреніп, оған амал ету парыз.

Біріншісі: Аллаһ бізді жаратты, ризықтандырды, әрі бекерге қалдырған жоқ. Ол бізге елші жіберді. Кім сол елшіге бағынса, жәннатқа кіреді, ал кім оған бағынудан бас тартса, тозаққа кіреді. Бұған дәлел, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿إِنَّا أَرْسَلْنَا إِلَيْكُمْ رَسُولًا شَهِدًا عَلَيْكُمْ كَمَا أَرْسَلْنَا إِلَىٰ فِرْعَوْنَ رَسُولًا
فَعَصَىٰ فِرْعَوْنُ الرَّسُولَ فَأَخَذْنَاهُ أَخْذًا وَبِيلًا﴾

{Расында, Біз Перғауынға елші жібергеніміздей, сендерге де куәгер ретінде елші жібердік. Сонда Перғауын елшіге бағынудан бас тартты, сол үшін Біз оны қатты ұстаумен ұстап алдық. }

Екіншісі: Аллаһ құлшылықта Өзіне біреуді серік қосқанға разы болмайды. Тіпті жақындатылған періште болсын немесе жіберілген пайғамбар болсын. Бұған дәлел:

﴿وَأَنَّ الْمَسْجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا﴾

{Расында, мешіттер Аллаһқа тән. Сондықтан, Аллаһпен бірге ешкімге дұға етпеңдер. }

Үшіншісі: Елшіге бағынған және Аллаһты жалғыздаған адам үшін, Аллаһ пен Оның елшісіне ﷺ қарсы шыққан адамды дос тұту тыйым салынған, тіпті ол ең жақын адамдары болса да. Бұған дәлел:

﴿لَا تَجِدُ قَوْمًا يُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ يُوَادُّونَ مَنْ حَادَّ اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَلَوْ كَانُوا آبَاءَهُمْ أَوْ أَبْنَاءَهُمْ أَوْ إِخْوَانَهُمْ أَوْ عَشِيرَتَهُمْ أُولَئِكَ كَتَبَ فِي قُلُوبِهِمُ الْإِيمَانَ وَأَيَّدَهُم بِرُوحٍ مِّنْهُ وَيُدْخِلُهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ أُولَئِكَ حِزْبُ اللَّهِ أَلَا إِنَّ حِزْبَ اللَّهِ هُمُ الْمُفْلِحُونَ﴾

﴿ Аллахқа және Ақырет күніне иман келтіргендердің арасында, Аллах және Оның елшісіне қарсы шыққан кісілерді жақсы көретін адамдарды таппайсың. Олар (қарсы шыққандар) әкелері, балалары, бауырлары, туыстары болса да. Олардың жүректеріне (Аллаһ) иман жазып, Өз тарапынан рухпен қолдады және оларды астарынан өзендер ағатын, онда мәңгі қалатын жәннаттарға кіргізеді. Аллах оларға разы, ал олар Аллахқа разы. Міне, солар — Аллахтың тобы. Расында, Аллахтың тобы жетістікке жетеді. ﴾

Біл, Аллах сені Өзіне бағынуға жетелейтін тура жолмен жүргізсін, әл-ханифия Ибраһимнің діні – Ол жалғыз Аллахқа құлшылық етіп, дінді шын ықыласпен орындау. Бұны Аллах барлық адамдарға бұйырып, сол үшін оларды жаратқан еді.

Аллаһ Тағала айтқандай:

﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ﴾

﴿ Мен жындар мен адамзатты тек Маған құлшылық етулері үшін ғана жараттым. ﴾

"Маған құлшылық етулері үшін" сөзінің мағынасы – Мені жалғыздаулары үшін.

Аллаһ бұйырған ең ұлы нәрсе – Таухид. Ол – Аллахты құлшылықта жалғыздау.

Ал, Ол тыйым салған ең ұлы нәрсе – Ширк. Ол – Аллаһпен бірге басқа біреуге құлшылық жасау, дұға ету.

Бұған дәлел, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿وَأَعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا﴾

(Аллаһқа құлшылық етіңдер, әрі Оған ешкімді серік қоспаңдар.)

Егер сенен біреу: "Адам білуі парыз болған үш негіз қандай?", – деп сұраса, оған былай жауап бер: "Ол, адамның өз Раббысын, дінін және пайғамбары Мухаммадты ﷺ тану".

БІРІНШІ НЕГІЗ

Егер сенен: "Раббың кім?" – деп сұрайтын болса, сен оған былай жауап бер: "Менің Раббым – мені және бүкіл әлемдерді Өз нығметімен тәрбиелеген Аллаһ. Ол құлшылық ететін тәңір. Одан басқа құлшылығымызды арнайтын тәңірім жоқ".

Бұған дәлел, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ﴾

(Әлемдердің Раббысы - Аллаһ барлық мақтауларға лайық.)

Аллаһтан өзге барлық нәрсе әлем болып табылады, әрі мен де сол әлемнің бірімін.

Егер де сенен біреу: "Раббыңды не арқылы таныдың?" - десе, оған: "Аяттары (белгілері) мен жаратылыстары арқылы таныдым", – деп жауап бер.

Оның аяттарынан (белгілерінен): түн мен күндіз, күн мен ай. Ал оның жаратылыстарынан: жеті қабат аспан мен жеті қабат жер және олардың бетіндегі мен арасындағы нәрселер.

Бұған дәлел, Аллаһтың сөзі:

﴿وَمِنْ ءَايَاتِهِ أَلِيلٌ وَالنَّهَارُ وَالشَّمْسُ وَالْقَمَرُ لَا تَسْجُدُوا
لِلشَّمْسِ وَلَا لِلْقَمَرِ وَاسْجُدُوا لِلَّهِ الَّذِي خَلَقَهُنَّ إِن كُنتُمْ
إِيَّاهُ تَعْبُدُونَ﴾

﴿ Түн мен күндіз, күн мен ай Оның аяттарынан.
Күнге де, айға да сәжде қылмаңдар, бірақ оларды
жаратқан Аллаһқа ғана сәжде қылыңдар, егер сендер
Оған құлшылық ететін болсаңдар. ﴾

Сондай-ақ:

﴿إِنَّ رَبَّكُمُ اللَّهُ الَّذِي خَلَقَ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ فِي سِتَّةِ أَيَّامٍ ثُمَّ
أَسْتَوَىٰ عَلَى الْعَرْشِ يُغْشَىٰ أَلَيْلَ النَّهَارِ يَطْلُبُهُ حَثِيثًا وَالشَّمْسُ
وَالْقَمَرُ وَالنُّجُومُ مُسَخَّرَاتٌ بِأَمْرِهِ ۗ أَلَا لَهُ الْخَلْقُ وَالْأَمْرُ ۗ
تَبَارَكَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ﴾

﴿ Расында, сендердің Раббыларың сондай Аллаһ,
әміріне бағынатын аспандар мен жерді алты күнде
жаратқан, кейін Ариқа (таққа) көтерілген. Ол
артынан қалмай ілесетін күнді түнмен бүркейді.
Сондай-ақ, (әміріне бағынатын) күн мен айды,
жұлдыздарды жаратқан. Жарату мен әмір ету Оған
тән! Әлемдердің Раббысы Аллаһ ұлы! ﴾

Раббы - ол (маъбуд) құлшылық етілетін тәңір.

Бұған дәлел:

﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ أَعْبُدُوا رَبَّكُمُ الَّذِي خَلَقَكُمْ وَالَّذِينَ مِنْ قَبْلِكُمْ
لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ * الَّذِي جَعَلَ لَكُمْ الْأَرْضَ فِرَاشًا وَالسَّمَاءَ بِنَاءً وَأَنْزَلَ
مِنَ السَّمَاءِ مَاءً فَأَخْرَجَ بِهِ مِنَ الثَّمَرَاتِ رِزْقًا لَّكُمْ
فَلَا تَجْعَلُوا لِلَّهِ أَنْدَادًا وَأَنْتُمْ تَعْلَمُونَ﴾

﴿ Әй, адамдар! Сендерді және сендерден бұрынғыларды жаратқан Раббыларыңа құлшылық етіңдер, мүмкін тақуа боласыңдар. Ол сендерге жерді төсеніш етті, көкті төбе қылды. Жоғарыдан су ағызып, сол арқылы сендерге жемістерден ризық шығарды. Енді біле тұра, Аллаһқа серік қоспаңдар! ﴾

Ибн Кәсир (оған Аллаһтың мейірімі жаусын):
"Осыларды жаратқан – құлшылыққа лайықты болады!" – деп айтты.

Аллаһ бұйырған құлшылықтардың түріне Ислам, Иман, Ихсан жатады. Сондай-ақ, оларға мыналар кіреді: дұға ету (сұрау), әл-хоуф (қорқу), әр-рожә (үміт ету), тәуекел ету, әр-роғба (амалмен үміт ету), әр-роһба (амалмен қорқу), әл-хушуь (мойынсұну), әл-хошья (біліммен қорқу), әл-инәба (Аллаһқа тәубемен қайту), әл-истиъана (көмек сұрау), әл-истиъаза (пана

сұрау), әл-истиғосә (қиын кезде көмек сұрау), құрбан шалу, нәзір ету және де басқа Аллаһ бұйырған құлшылықтың түрлері.

Олардың барлығы тек Аллаһқа ғана арналу керек.
Бұған дәлел:

﴿وَأَنَّ الْمَسْجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا﴾

﴿Расында, мешіттер Аллаһқа тән. Сондықтан, Аллаһпен бірге ешкімге дұға етпеңдер.﴾

Кімде – кім, олардың біреуін де Аллаһтан басқа біреуге арнайтын болса, ол мүшірік және кәпір болады. Бұған делел Аллаһтың келесі сөздері:

﴿وَمَنْ يَدْعُ مَعَ اللَّهِ إِلَهًا آخَرَ لَا بُرْهَانَ لَهُ بِهِ فَإِنَّمَا حِسَابُهُ

عِنْدَ رَبِّهِ إِنَّهُ لَا يُفْلِحُ الْكَافِرُونَ﴾

﴿Ал кімде - кім Аллаһпен бірге, оған еш дәлелі жоқ бола тұра бір тәңірге дұға қылып сұраса, оның есеб-қисабын Раббысы береді. Расында, кәпірлер құтылмайды!﴾

Хадисте былай делінген: "Дұға - құлшылықтың өзегі".

Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَقَالَ رَبُّكُمْ ادْعُونِي أَسْتَجِبْ لَكُمْ إِنَّ الَّذِينَ يَسْتَكْبِرُونَ
عَنْ عِبَادَتِي سَيَدْخُلُونَ جَهَنَّمَ دَاخِرِينَ﴾

﴿ Раббыларың айтты: "Маған дұға етіңдер, сендерге жауап беремін! Ал, кімде - кім Маған құлшылық етуден тәкаппарланып бас тартса, Тозаққа қор болып кіреді". ﴾

Әл-хоуф (қорқу) құлшылық екеніне дәлел, Аллаһ Тағала былай деді:

﴿فَلَا تَخَافُوهُمْ وَخَافُونِ إِنْ كُنْتُمْ مُّؤْمِنِينَ﴾

﴿ Олардан қорықпаңдар, Менен қорқыңдар, егер иман келтірген болсаңдар! ﴾

Әр-рожә (үміт ету) құлшылық екеніне дәлел, Аллаһ Тағала айтты:

﴿فَمَنْ كَانَ يَرْجُوا لِقَاءَ رَبِّهِ فَلْيَعْمَلْ عَمَلًا صَالِحًا
وَلَا يُشْرِكْ بِعِبَادَةِ رَبِّهِ أَحَدًا﴾

﴿ Кімде - кім өз Раббысымен кездесуді үміт етсе, ізгі амал жасап, құлшылығында Раббысына ешкімді серік қоспасын. ﴾

Тәуекел етудің құлшылық екеніне дәлел, Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَعَلَى اللَّهِ فَتَوَكَّلُوا إِن كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ﴾

{ Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер, егер иман келтірген болсаңдар. }

Тағы бір аятта:

﴿وَمَنْ يَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ فَهُوَ حَسْبُهُ﴾

{ Кім Аллаһқа тәуекел етсе, Ол оған жеткілікті болады. }

Әр-роғба (амалмен үміт ету), әр-роһба (амалмен қорқу), және әл-хушұьтың (мойынсұну) құлшылық екеніне дәлел: Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّهُمْ كَانُوا يُسْرِعُونَ فِي الْخَيْرَاتِ وَيَدْعُونَنَا رَغَبًا

وَرَهَبًا وَكَانُوا لَنَا خَشِعِينَ﴾

{ Расында, олар үміт пен қорқу арқылы құлшылық және дұға етіп жақсылықтарға асығатын еді. Әрі Бізге мойынсұнған еді. }

Әл-хошияның (біліммен қорқу) құлшылық екеніне дәлел, Аллаһ Тағала былай деді:

﴿فَلَا تَخْشَوْهُمْ وَاخْشَوْنِ﴾

{ Олардан қорықпаңдар, Менен қорқыңдар! }

Әл-инәбаның (Аллаһқа тәубемен қайту) құлшылық екеніне дәлел, Аллаһ Тағала айтты:

﴿وَأَنِيبُوا إِلَىٰ رَبِّكُمْ وَأَسْلُمُوا﴾

(*Раббыларыңа қайтыңдар да, Оған бойұсыныңдар.*)

Әл-истиъананың (көмек сұрау) құлшылық екеніне дәлел, Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ﴾

(*Саған ғана құлшылық етеміз, Сенен ғана жәрдем тілейміз.*)

Хадисте: "Егер көмек сұрайтын болсаң, Аллаһтан сұра!"

Әл-истиъазаның (пана сұрау) құлшылық екеніне дәлел, Аллаһ Тағала былай айтты:

﴿قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ﴾

(*"Таңның Раббысынан пана тілеймін", -де!*)

Тағы бір аятта:

﴿قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ﴾

(*"Адамдардың Раббысынан пана тілеймін", -де!*)

Әл-истиғосәның (қиын кезде көмек сұрау) құлшылық екеніне дәлел, Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِذْ تَسْتَغِيثُونَ رَبَّكُمْ فَاسْتَجَابَ لَكُمْ﴾

(Сендер сол кезде Раббыларыңнан көмек тілеген едіңдер, Ол сендерге жауап берді.)

Құрбан шалу құлшылық екеніне дәлел, Аллаһ Тағала былай деді:

﴿قُلْ إِنْ صَلَاتِي وَنُسُكِي وَمَحْيَايَ وَمَمَاتِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ *

لَا شَرِيكَ لَهُ ۖ وَبِذَلِكَ أُمِرْتُ وَأَنَا أَوَّلُ الْمُسْلِمِينَ﴾

(Айт: "Расында, менің намазым мен құрбандығым, өмірім мен өлімім әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән! Оның серігі жоқ. Осы маған әмір етілген еді, әрі мен ең әуелгі мұсылманмын!")

Сүннеттен дәлел: "Аллаһтан өзге үшін мал бауыздаған адамды, Аллаһ лағынет етсін!"

Нәзір етудің құлшылық екеніне дәлел, Аллаһ Тағала былай деді:

﴿يُوفُونَ بِالنَّذْرِ وَيَخَافُونَ يَوْمًا كَانَ شَرُّهُ مُسْتَطِيرًا﴾

(Олар нәзірлерін орындайды, әрі жамандығы шашырайтын күннен (Қиямет күнінен) қорқады.)

ЕКІНШІ НЕГІЗ

Ислам дінін дәлелдермен тану, бұл Аллаһқа таухид арқылы бойсұну, итағат ету арқылы бағыну және ширк пен оны жасайтындардан алыс (пәк) болу.

Оның үш деңгейі бар: Ислам, Иман және Ихсан.

Әр деңгейдің өз тіректері бар.

Бірінші деңгей – Ислам.

Исламның бес тірегі бар: Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір иләһ жоқ, әрі Мухаммад ﷺ Оның елшісі екеніне куәлік беру, Намаз оқу, Зекет беру, Рамазан айында ораза тұту және Аллаһтың үйі Харамға Қажылық жасау.

"Лә иләһә иллә Аллаһ" куәлігінің дәлелі, Аллаһ Тағала былай деді:

﴿شَهِدَ اللَّهُ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ وَالْمَلَائِكَةُ وَأُولُوا الْعِلْمِ

قَائِمًا بِالْقِسْطِ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ﴾

﴿Әділдікті ұстанған түрде Аллаһ, Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ екеніне куәлік береді. Сондай-ақ, періштелер мен білім иелері де. Ұлы, Дана Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ!﴾

Оның мағынасы: "Аллаһтан басқа құлшылық етілетін шынайы ешқандай құдай жоқ!". **"Лә иләһә"** сөзі – Аллаһтан өзге құлшылық етілетін бүкіл нәрсені теріске (жоққа) шығарады. **"Иллә Аллах"** сөзі – құлшылықтың тек Аллаһқа ғана (бекітуді) тән екенін растайды. Аллаһтың иелік етуінде еш серігі жоқ болғандай, құлшылықта да Оның еш серігі жоқ.

Оның мағынасын тереңірек ашатын түсіндірмесі ретінде, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿وَإِذْ قَالَ إِبْرَاهِيمُ لِأَبِيهِ وَقَوْمِهِ إِنَّنِي بَرَاءٌ مِّمَّا تَعْبُدُونَ *

إِلَّا الَّذِي فَطَرَنِي فَإِنَّهُ سَيَهْدِينِ﴾

﴿ Сол кезде Ибраһим өз әкесі мен еліне айтты: "Шын мәнінде, мен сендердің құлшылық етіп жүргендеріңнен аулақпын. Бірақ мені жаратқаннан басқа, Ол мені тура жолға салады". ﴾

Тағы бір аятта Аллаһ былай деді:

﴿قُلْ يَا أَهْلَ الْكِتَابِ تَعَالَوْا إِلَى كَلِمَةٍ سَوَاءٍ بَيْنَنَا وَبَيْنَكُمْ

أَلَّا نَعْبُدَ إِلَّا اللَّهَ وَلَا نُشْرِكَ بِهِ شَيْئًا وَلَا يَتَّخِذَ بَعْضُنَا بَعْضًا أَرْبَابًا

مِّنْ دُونِ اللَّهِ فَإِن تَوَلَّوْا فَقُولُوا اشْهَدُوا بِأَنَّا مُسْلِمُونَ﴾

﴿ (Оларға) айт: "Әй, кітап иелері! Арамызда ортақ болған бір сөзге келіңдер: Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпейміз де, Оған ешкімді серік қоспаймыз. Бір-бірлерімізді Аллаһтан басқа өзара тәңір тұтпаймыз". Ал егер олар бет бұрса, онда оларға: "Біздің мұсылман екенімізге куәлік беріңдер!" – деп айтыңдар. ﴾

"Мухаммад – Аллаһтың елшісі" куәлігінің дәлелі, Аллаһ Тағала былай айтты:

﴿لَقَدْ جَاءَكُمْ رَسُولٌ مِّنْ أَنْفُسِكُمْ عَزِيزٌ عَلَيْهِ مَا عَنِتُّمْ
حَرِيصٌ عَلَيْكُمْ بِالْمُؤْمِنِينَ رَءُوفٌ رَّحِيمٌ﴾

﴿ Расында, сендерге өз араларыңнан елші келді. Оған сендердің бастарыңа түскен қиыншылық ауыр тиеді, сендер үшін тырысады. Әрі мүміндерге өте жұмсақ, мейірімді. ﴾

"Мухаммад Аллаһтың елшісі" куәлігінің мағынасы: бұйырғандарына бағыну, хабарлағандарына сену, тыйған және қайтарғандарынан аулақ жүру, сондай-ақ, Аллаһқа тек Ол заңдастырғандай құлшылық ету.

"Намаздың", "зекеттің" дәлелі және таухидтің түсіндірмесі, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا
الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ وَذَلِكَ دِينُ الْقِيَمَةِ﴾

﴿Оларға тек Аллаһқа дінді шын ықыласпен ханиф түрінде орындау арқылы құлшылық ету, намаз оқу және зекет беру ғана бұйрылған еді. Міне, осы – тұп-тура дін!﴾

"Оразаның" дәлелі, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ الصِّيَامُ كَمَا كُتِبَ عَلَى
الَّذِينَ مِن قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ﴾

﴿Әй, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға ораза тұту бұйырылғандай, сендерге де ол бұйырылды. Мүмкін, тақуа боласыңдар!﴾

"Қажылыққа" дәлел, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿فِيهِ ءَايَاتٌ بَيِّنَاتٌ مَّقَامُ إِبْرَاهِيمَ وَمَن دَخَلَهُ كَانَ ءَامِنًا وَلِلَّهِ

عَلَى النَّاسِ حِجُّ الْبَيْتِ مَنِ اسْتَطَاعَ إِلَيْهِ سَبِيلًا

وَمَن كَفَرَ فَإِنَّ اللَّهَ غَنِيٌّ عَنِ الْعَالَمِينَ﴾

(Адамдардан кімнің шамасы келсе, Аллаһ үшін қажсылық жасаулары міндет. Ал, кім күпір келтірсе (қарсы шықса), Аллаһ әлемдерге мұқтаж емес.)

Екінші деңгей – Иман.

Оның жетпістен астам тармағы бар. Олардың ең жоғарғысы: "Лә иләһә иллә Аллаһ" сөзі. Ал, ең төмені: жолдан кедергілерді алып тастау. Сондай-ақ, ұялшақтық та – иманның бір тармағы.

Оның алты тірегі бар: Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, Ақырет күніне, тағдырға және оның жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің.

Осы алты тіректің дәлелдері – Аллаһ Тағала былай деді:

﴿لَيْسَ الْبِرَّ أَنْ تُولُوا وَجُوهَكُمْ قِبَلَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ وَلَكِنَّ الْبِرَّ

مَنْ ءَامَنَ بِاللّٰهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَالْمَلَائِكَةِ وَالْكِتَابِ وَالنَّبِيِّينَ﴾

(Игілік тек жүздеріңді шығыс пен батысқа бұруларыңда емес, бірақ (нағыз) игілік – кім Аллаһқа, Ақырет күніне, періштелеріне, кітапқа және пайғамбарларға иман келтірсе ...)

"Тағдырға" дәлел, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿إِنَّا كُلَّ شَيْءٍ خَلَقْنَاهُ بِقَدَرٍ﴾

(*Расында, біз әрбір нәрсені тағдырмен жараттық.*)

Үшінші деңгей – Ихсан.

Оның бір ғана тірегі бар. Ол Аллаһқа, Оны көріп тұрғандай құлшылық ету. Ал егер Оны көрмесең, онда Ол сені көріп тұрғанын біліп құлшылық етуің.

Оған дәлел, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿إِنَّ اللَّهَ مَعَ الَّذِينَ اتَّقَوْا وَالَّذِينَ هُمْ مُحْسِنُونَ﴾

(*Расында, Аллаһ тақуалармен, әрі ихсан қылушылармен бірге.*)

Тағы бір аятта:

﴿وَتَوَكَّلْ عَلَى الْعَزِيزِ الرَّحِيمِ * الَّذِي يَرِنَاكَ حِينَ تَقُومُ *

﴿وَتَقْلُبُكَ فِي السَّجْدِ﴾

(*Аса Үстем, ерекше Мейірімдіге тәуекел ет! Ол сені (намазда) тұрып тұрғаныңда көреді. Әрі сәжде етушілердің арасында жасаған қимылдарыңды (көреді).*)

Тағы бір аятта Аллаһ былай деді:

﴿وَمَا تَكُونُ فِي شَأْنٍ وَمَا تَتْلُوا مِنْهُ مِنْ قُرْآنٍ وَلَا تَعْمَلُونَ مِنْ عَمَلٍ
إِلَّا كُنَّا عَلَيْكُمْ شُهُودًا إِذْ تُفِيضُونَ فِيهِ﴾

{Қандай іс жасасаң да, Құраннан нені оқысаң да, қандай амал істесеңдер де, оған кіріскенде біз сендердің үстеріңнен куәгерміз. }

Сүннеттен дәлел, Омар ибн ал-Хаттабтан жеткен Жәбірейілдің әйгілі хадисі: "Бір күні біз Аллаһ Елшісінің ﷺ қасында отырғанда, аппақ киім киген, шашы қап-қара, сапар шеккен адамға ұқсамайтын және біздің арамызда ешкім оны танымайтын бір кісі келді. Ол пайғамбарымыздың ﷺ алдына тізесін оның тізесіне тигізіп, қолдарын өз сандарына қойып отырды". Сосын: "Уа, Мухаммад!

"Маған Ислам туралы хабар бер!" – деді. Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: "Ислам дегеніміз – Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты бірде-бір тәнір жоқ, ал Мухаммад Оның елшісі екеніне куәлік беруің, намаз оқуың, зекет беруің, Рамазан айында ораза тұтуың және шамаң келсе қажылық жасауың". Соған (әлгі кісі): "Рас айттың!" – деді. Біз оның өзі сұрап, өзі растап жатқанына таңғалдық.

Сосын, ол: "Маған Иман туралы хабар бер!" – деді. Пайғамбарымыз ﷺ: "Иман дегеніміз – Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, Ақырет

күніне иман келтіруің және тағдырдың жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің!" – деп жауап берді. (Әлгі адам қайтадан): "Рас айттың!" -деді.

Содан соң, ол: "Маған Ихсан туралы хабар бер!" – деді. Пайғамбарымыз ﷺ оған былай деп жауап берді: "Ихсан дегеніміз – Аллаһқа, Оны көріп тұрғанындай құлшылық етуің. Ал егер Оны көрмесең, онда Ол сені көріп тұрғанын (біліп құлшылық етуің)".

Содан кейін (әлгі адам): "Маған Қиямет туралы хабар бер!" – деді. Бұл сұраққа пайғамбарымыз ﷺ: "Сұралушы сұраушыдан артық білмейді", – деп жауап қатты.

Сонда (әлгі адам): "Онда маған оның белгілерін атап бер", – деді.

Аллаһтың елшісі ﷺ былай деді: "Құл әйел өзінің ханшайымын туатынын, жалаңаяқ, жалаңаш кедей қойшылардың биік ғимараттар көтеруде бір-бірімен жарысатынын көресің". Содан соң, ол кісі шығып кетті, ал біз сол жерде біраз уақыт қалдық. Сонда Аллаһ елшісі ﷺ менен: "Уа, Омар! Сен сұрақ қоюшының кім екенін білесің бе?", – деп сұрады. Мен: "Аллаһ және Оның елшісі жақсырақ біледі!" – деп жауап бердім. Сонда Ол ﷺ: "Шындығында, бұл Жәбірейіл, сіздерге діндерінді үйрету үшін келді!" - деді.

ҮШІНШІ НЕГІЗ

Пайғамбар Мухаммадты ﷺ тану.

Ол — Мухаммад ибн Абдулла ибн Абдұльмутталиб ибн Һашим. Һашим Құрайш тайпасынан. Ал, Құрайш арабтарға жатады. Арабтар — Исмаил ибн Ибраһим әл-Халилдің ұрпақтары. Оған әрі біздің пайғамбарымызға ең абзал салауаттар мен сәлемдер болсын!

Ол ﷺ 63 жыл өмір сүрді. Пайғамбарлықтан алдын 40 жыл, ал пайғамбар болған соң 23 жыл.

﴿ أَقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ ﴾

(*Оқы! Жаратқан Раббыңның атымен (оқы)!*)

(*Оқы...!*) деген аят түсірілумен пайғамбар болды, ал "Муддассир" сүресінің түсуімен елші болды. Мекке қаласында туылған.

Аллаһ Тағала оны ширктен сақтандыру үшін және таухидке шақыру үшін жіберді. Бұған делел, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿ يَا أَيُّهَا الْمَدَّثِرُ * قُمْ فَأَنْذِرْ * وَرَبَّكَ فَكَبِّرْ * وَثِيَابَكَ فَطَهِّرْ *

وَالرِّجْزَ فَاهْجُرْ * وَلَا تَمْنُنْ تَسْتَكْثِرُ * وَلِرَبِّكَ فَاصْبِرْ ﴾

﴿ Әй, оранушы! Тұр да, ескерт! Раббыңды ұлықта! Киіміңді тазарт! Пұттарды тәрк ет! Көбірек қайтарып алу үшін мейірім жасама! Раббың үшін сабыр ет! ﴾

﴿ Тұр да ескерт! ﴾ сөздерінің мағынасы: ширктен сақтандырып, таухидке шақыру.

﴿ Раббыңды ұлықта! ﴾ яғни, Оны таухид арқылы ұлықта.

﴿ Киіміңді тазарт! ﴾ яғни, амалдарыңды ширктен тазарт.

﴿ Пұттарды тәрк ет! ﴾ яғни, пұттарды қалдыр, олардан және оларға құлшылық ететіндерден аулақ бол!

Осылай ол 10 жыл бойы таухидке шақырған. 10 жылдан соң аспанға көтерілді. Оған 5 уақыт намаз парыз етілді. Меккеде 3 жыл намаз оқыды. Содан соң Мәдинаға һижра қылуға бұйырылды.

Һижра дегеніміз – бұл ширк елінен, Ислам еліне қоныс аудару.

Ширк елінен, Ислам еліне һижра қылу осы үмметке парыз, әрі ол Қиямет күніне дейін жалғасады. Бұған делел, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿إِنَّ الَّذِينَ تَوَفَّيْنَاهُمُ الْغَالِيَةِ أَنْفُسِهِمْ قَالُوا فِيمَ كُنْتُمْ قَالُوا كُنَّا مُسْتَضْعَفِينَ فِي الْأَرْضِ قَالُوا أَلَمْ تَكُنْ أَرْضُ اللَّهِ وَاسِعَةً فَتُهَاجِرُوا فِيهَا فَأُولَئِكَ مَأْوَاهُمْ جَهَنَّمُ وَسَاءَتْ مَصِيرًا * إِلَّا الْمُسْتَضْعَفِينَ مِنَ الرِّجَالِ وَالنِّسَاءِ وَالْوِلْدَانِ لَا يَسْتَطِيعُونَ حِيلَةً وَلَا يَهْتَدُونَ سَبِيلًا * فَأُولَئِكَ عَسَى اللَّهُ أَنْ يَعْفُو عَنْهُمْ وَكَانَ اللَّهُ عَفُوًّا غَفُورًا﴾

﴿Періштелер өздеріне зұлымдық еткендердің жандарын алғанда: "Қандай жағдайда едіңдер?" - дейді. Олар: "Біз жерде әлсіз болған едік", - деп жауап береді. (Періштелер): "Һижра жасайтын болсаңдар, Аллаһтың жері кең емес пе еді?" - деп айтады. Міне, бұлардың орны Тозақ. Ол нендей жаман орын. Бірақ бұл шамасы келмеген, әрі еш айла таба алмаған ерлер, әйелдер мен балаларға қатысты емес. Оларды Аллаһ кешіруі мүмкін. Өйткені, Аллаһ өте Кешірімді, Жарылқаушы. ﴾

Тағы бір аятта Аллаһ былай деді:

﴿يَعِبَادِ الَّذِينَ ءَامَنُوا إِنَّ أَرْضِي وَاسِعَةٌ فَإِئْتِي فَاعْبُدُونِ﴾

﴿Әй, Менің иман келтірген құлдарым! Расында, Менің жерім кең, сондықтан Маған ғана құлшылық етіңдер! ﴾

Имам әл-Бағауи (Аллаһ оны мейіріміне бөлесін) былай айтқан: "Бұл аят хижра жасамаған Меккелік мұсылмандарға қатысты түскен. Аллаһ оларды иман атауымен үндеді".

Сүннеттен хижраның дәлелі ретінде, пайғамбарымыз ﷺ сөзі: "Тәубе үзілмейінше, хижра да үзілмейді. Ал тәубе, күн батыс жақтан шықпайынша үзілмейді", – деді.

Пайғамбарымыз ﷺ Мәдина қаласында орнығып болған соң, оған Исламның басқа да заңдары бұйырылды: ораза, зекет, қажылық, азан, жиһад, жақсылыққа бұйыру мен жамандықтан қайтару және т.б. Осыларды орындап ол 10 жыл өмір сүрді.

Содан соң ол ﷺ қайтыс болды. Алайда, оның діні қалды! Пайғамбарымыз ﷺ қандай да бір жақсылық болса, үмметті соның барлығына бағыттаған, ал қандай да бір жамандық болса, үмметті солардың барлығынан сақтандырған.

Ол бағыттаған жақсылық – бұл таухид және Аллаһ жақсы көріп, разы болатын барлық нәрсе.

Ол қайтарған жамандық – бұл ширк және Аллаһ жек көретін барлық нәрсе.

Аллаһ оны бүкіл адамзатқа жіберді. Жындар мен адамдарға оған бағынуды парыз қылды. Бұған делел, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ جَمِيعًا﴾

("Әй, адамдар! Негізінде, мен барлықтарың үшін Аллаһтың елшісімін!" - деп айт.)

Аллаһ онымен дінін толықтырды. Бұған делел:

﴿الْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتِمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي وَرَضِيتُ لَكُمُ

الْإِسْلَامَ دِينًا﴾

(Бүгін діндеріңді толықтырдым, нығметімді тәмамдадым және сендерге Ислам дінімен разы болдым.)

Оның ﷺ қайтыс болғанына дәлел, Аллаһтың мына сөздері:

﴿إِنَّكَ مَيِّتٌ وَإِنَّهُمْ مَيِّتُونَ﴾

﴿ثُمَّ إِنَّكُمْ يَوْمَ الْقِيَمَةِ عِنْدَ رَبِّكُمْ تَخْتَصِمُونَ﴾

(Расында, сен де өлесің, олар да өледі. Сосын Қиямет күні сендер Раббыларыңның алдында тартысасыңдар.)

Адамдар өлген соң қайта тіріледі. Бұған дәлел, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿مِنْهَا خَلَقْنَاكُمْ وَفِيهَا نُعِيدُكُمْ وَمِنْهَا نُخْرِجُكُمْ تَارَةً أُخْرَى﴾

(Сендерді одан (жерден) жараттық, әрі оған қайтарамыз. Содан соң тағы да бір рет шығарамыз.)

Тағы бір аятта Аллаһ былай деді:

﴿وَاللَّهُ أَنْبَتَكُمْ مِنَ الْأَرْضِ نَبَاتًا * ثُمَّ يُعِيدُكُمْ فِيهَا وَيُخْرِجُكُمْ إِخْرَاجًا﴾

(Аллаһ сендерді жерден өсіріп өндірді. Сосын сендер оған қайтарыласыңдар да, кейін қайта шығарыласыңдар.)

Тірілуден кейін, адамдар есеп-қисапқа тартылады да, амалдары үшін сый-жазасын алады. Бұған дәлел, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿لِيَجْزِيَ الَّذِينَ أَسَاءُوا بِمَا عَمِلُوا وَيَجْزِيَ الَّذِينَ أَحْسَنُوا بِالْحُسْنَى﴾

(Бұл) жамандық істегендерді амалдарына сай жазалау үшін, ал жақсылық жасағандарға одан да артығымен қайтару үшін.)

Кімде-кім, қайта тірілуді өтірікке шығарса, кәпір болады. Бұған дәлел, Аллаһтың мына сөздері:

﴿رَعِمَ الَّذِينَ كَفَرُوا أَنْ لَنْ يُبْعَثُوا قُلْ بَلَىٰ وَرَبِّي لَتُبْعَثُنَّ ثُمَّ لَتُنَبَّؤُنَّ بِمَا

عَمِلْتُمْ وَذَٰلِكَ عَلَى اللَّهِ يَسِيرٌ﴾

{ Кәпірлер: "Қайта тірілмейміз!" - деп ойлайды. (Оларға) айт: Раббыммен ант етемін! Сендер әлбетте тірілесіңдер, кейін істегендерің жайлы хабар аласыңдар. Бұл Аллаһқа оңай!" }

Аллаһ бүкіл елшілерді қуандырушы, ескертуші етіп жіберді. Бұған дәлел, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿رُسُلًا مُّبَشِّرِينَ وَمُنْذِرِينَ لِئَلَّا يَكُونَ لِلنَّاسِ عَلَى اللَّهِ حُجَّةٌ
بَعْدَ الرُّسُلِ وَكَانَ اللَّهُ عَزِيزًا حَكِيمًا﴾

{ Елшілерден кейін адамдарда ешқандай сылтау болмас үшін, (Біз оларды) қуандырушы, ескертуші еттік. }

Олардың ең алғашқысы – Нұх (Аллаһтың оған сәлемі болсын).

Ал ең соңғысы әрі пайғамбарлардың мөрі – Мухаммад ﷺ, одан кейін пайғамбар болмайды. Бұған дәлел, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿مَا كَانَ مُحَمَّدٌ أَبَا أَحَدٍ مِّن رِّجَالِكُمْ وَلَكِن رَّسُولَ اللَّهِ
وَخَاتَمَ النَّبِيِّينَ﴾

{ Мухаммад сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Аллаһтың Елшісі және пайғамбарлардың соңы. }

Нұхтың ең алғашқы елші екеніне, Аллаһтың осы сөздері дәлел:

﴿إِنَّا أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ كَمَا أَوْحَيْنَا إِلَى نُوحٍ وَالنَّبِيِّينَ مِنْ بَعْدِهِ﴾

(Нұхқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей, саған да уахи еттік.)

Нұхтан бастап, Мухаммадқа ﷺ дейін елшілерді Аллаһ әрбір үмметке Оған ғана құлшылық етіп, тағутқа табынудан қайтару үшін жіберген еді. Бұған дәлел, Аллаһтың келесі сөздері:

﴿وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنِ اعْبُدُوا اللَّهَ

وَأَجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ﴾

(Біз әрбір үмметке: "Аллаһқа ғана құлшылық етіңдер де, тағуттан аулақ болыңдар", – деп елші жібердік.)

Аллаһ барлық құлдарына Өзіне иман келтіріп, тағутқа күпірлік етулерін парыз етті. Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны мейіріміне бөлесін) былай айтқан: "Тағут – бұл адамның шектен шығып құлшылық ететіні, соңынан ілесетіні және бойсұнатыны".

Тағуттар көп және олардың бастылары бесеу:

- Ібіліс (оны Аллаһ лағынет етсін);

- Өзіне құлшылық етілгенге разы болған;
- Өзіне құлшылық етуге шақырған;
- Ғайыпты білемін деп мәлімдеген;
- Аллаһ түсірмегенімен үкім еткен.

Бұған дәлел, Аллаһтың мына сөздері:

﴿لَا إِكْرَاهَ فِي الدِّينِ قَدْ تَبَيَّنَ الرُّشْدُ مِنَ الْغَيِّ فَمَنْ يَكْفُرْ
بِالطَّغُوتِ وَيُؤْمِنْ بِاللَّهِ فَقَدْ اسْتَمْسَكَ بِالْعُرْوَةِ الْوُثْقَىٰ لَا
أَنْفَصَامَ لَهَا وَاللَّهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ﴾

{ Дінде зорлық жоқ. Туралық пен адасу анық ажыратылды. Кімде-кім тағутқа күпірлік етіп, Аллаһқа иман келтірсе, ол үзілмейтін мықты бір тұтқадан ұстап алды. Аллаһ – Естуші, Білуші. }

Міне, осы "Лә иләһә иллә Аллаһ" -тың мағынасы. Хадисте айтылғандай: "Істің басы – Ислам, тірегі – намаз, ал өркешінің шыңы – Аллаһ жолындағы күрес".

Аллаһ жақсырақ Білуші!

* * *

Аллаһқа мақтау айтумен кітап тәмәмдалды.



Ислам дінінің негіздері мен оның үкімдерінің қағидалары

(Ән-Нәуәуидің қырық хадисы)

**Авторы: Әбу Зәкәрия Мұхиддин Яхья ибн Шәраф
Ән-Нәуәуи Әш-Шәфиғи (һижри 676-631 ж.)**

**Қосымша Ибн Ражаб Әл-Хәнбәлидың елу хадиске
дейін толықтыруымен (һижри 795-736 ж.)**



*** Мәтінді тексеріп өңдеуде қолданылған нұсқалар:**

- Жазбаша нұсқа, Низам Якубидің жеке кітапханасы - Бахрейн - жазылған уақыты: 710 h.ж, Бұл нұсқа автордың шәкірті Ғалә-уд-Дин Ибн әл-Аттарға (Аллаһ оларды рақымына бөлесін) оқылып тапсырылған және осы нұсқаның иесіне иджазасын бергендігі жазылған.

- Жазбаша нұсқа, Роғиб Паша кітапханасы - Түркия - № (1470), Әл-Хафиз Әл-Бусиридің (Аллаһ оны рақымына бөлесін) қолымен жазылған. Жазылған уақыты: 801 h.ж..

- Жазбаша нұсқа, Файзолла Эфенди кітапханасы - Түркия - № (2160), жазылған уақыты: 832 h.ж.

- Жазбаша нұсқа, Дамад Ибрахим Паша кітапханасы – Түркия – № (7/396), жазылған уақыты: 866 h.ж.

- Жазбаша нұсқа, Меккедегі Харам мешітінің кітапханасы - Сауд Арабиясы - № (12/3927), жазылған уақыты: 979 h.ж.

- Жазбаша нұсқа, Махмудия кітапханасы, Король Абдул Азиз кітапханасы – Сауд Арабиясы – No (1/404), жазылған уақыты: 1069 h.ж.

- Сауд Арабиясы - Король Сауд университеті, жазбаша нұсқа - № (3026), жазылған уақыты: 1085 h.ж.

- Ұлттық кітапхана мен мұрағаттағы жазбаша нұсқа – Мысыр № (166 Тәймур хадисі).

- Джәмиъ-ул-Булум уәл-Хикәм кітабының жазбаша нұсқасы, Хада Бахш кітапханасы – Үндістан – No (471), жазылған уақыты: 790 h.ж. Бұл нұсқа Ибн Ражабтың (Аллаһ оны рақымына бөлесін) қырық хадиске қосқан нұсқасын өңдеуде қолданылған және ол автодың нұсқасымен тексерілген, сондай-ақ, оған оқылған және сол нұсқаны жазған адамға автордың иджазасы берілген.

- Джәмиъ-ул-Булум уәл-Хикәм кітабының тағы бір жазбаша нұсқасы – Унайза мешіті – Сауд Арабиясы – No (73), жазылған уақыты: 1101 h.ж.

- Джәмиъ-ул-Булум уәл-Хикәм кітабының тағы бір жазбаша нұсқасы - Король Сауд университеті - Сауд Арабиясы - № (4051), жазылған уақыты: 1194 h.ж. Абдуллаһ ибн Сулейман ибн АбдулҰәһһәбтың қолымен жазылған.

БІРІНШІ ХАДИС

Мүміндердің әмірі Әбу Хафс Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқан: **Мен Аллаһ елшісінің (ﷺ) былай айтқанын естідім: «Шын мәнінде, амалдар тек қана ниетке байланысты және расында, әрбір кісіге ниет еткені тиесілі. Сондықтан, кім Аллаһ пен Оның елшісіне қарай қоныс аударса, ол Аллаһ пен Оның елшісі үшін қоныс аударған (болып саналады), ал кім мал-дүние табу, не бір әйелге үйлену үшін қоныс аударса, ол сол ниет еткен нәрсесіне қоныс аударған (болып саналады)».**

Бұл хадисті хадис ілімінің ғұламалары әйгілі Әбу Абдуллаһ Мухаммад ибн Исмаил ибн Ибраһим ибн Муғира ибн Бәрдизбаһ әл-Бұхари және Әбул-Хусейн Муслим ибн әл-Хажжаж ибн Муслим әл-Қушайри ән-Найсабури хадис кітаптарының ең сенімділері саналған «Сахихтарында» келтірген.

ЕКІНШІ ХАДИС

Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: **«Бір күні біз Аллаһ елшісінің ﷺ қасында отырғанымызда аппақ киімді, қою кара шашты, сапар шеккен адамға ұқсамайтын және оны бізден ешкім танымайтын бір адам келді. Ол Пайғамбардың ﷺ тізелеріне тізелерін тиістіріп (қарсы) отырды да, қолдарын өз сандарының үстіне қойып:**

«Уа, Мухаммад! Маған Ислам туралы хабар бер!» – деді.

Аллаһ елшісі ﷺ: **«Ислам дегеніміз – "Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты бірде-бір тәңір жоқ және Мухаммад – Аллаһтың елшісі" – деп куәлік беруің, намаз оқуың, зекет беруің, рамазан (айында) ораза тұтуың және жолына шамаң келсе Үйге (Қағбаға) қажылық жасауың!» – деп жауап қайтарды.**

(Жаңағы адам): **«Сен рас айттың!» – деді.**

Ал біз оның (Аллаһ елшісіне ﷺ) сұрақ қойып және оны мақұлдап, растағанына таңғалдық.

(Содан соң) Ол: **«Енді маған Иман туралы хабар бер!» – деді.**

Аллаһ елшісі ﷺ: **«Иман дегеніміз – сенің Аллаһқа және Оның періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, Қиямет күніне, сондай-ақ тағдырға: оның жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің!»** – деді.

(Ол тағы да): **«Сен рас айттың!»** – деді.

(Содан соң): **«Маған енді Ихсан туралы хабар бер!»** – деді.

Аллаһ елшісі ﷺ: **«Ихсан дегеніміз – сенің Аллаһқа Оны көріп тұрғандай құлшылық қылуың, егер Оны көріп тұрғандай бола алмасаң, Ол сені көріп тұрғандай (құлшылық қылуың)»** – деді.

(Содан соң әлгі кісі): **«Ал енді маған Сағат (Қиямет күні қашан болатыны) туралы хабар бер!»** – деді.

Аллаһ елшісі ﷺ: **«Ол туралы сұралушы сұраушыдан артық білмейді»** – деді.

Ол: **«Онда оның белгілері туралы айтып бер!»** – деді.

Аллаһ елшісі ﷺ: **«(Қиямет күні жақындағанда) Күн өз ханшайымын туады және жалаңаяқ, жалаңаш қой соңындағы кедейлер биік үй салуда бірімен-бірі бәсекеге түскенін көресің,»** – деді.

Содан соң (әлгі адам) кетіп қалды. Мен біраз отырдым. Бір кезде (Аллаһ елшісі ﷺ): **«Уа, Омар! Сұрақ қоюшының кім екенін білесің бе?»** – деді. Мен: **«Аллаһ және Оның елшісі жақсырақ біледі!»** – дедім. (Сонда) Ол ﷺ: **«Расында, бұл Жәбірейіл ﷺ, сендерге діндеріңді үйрету үшін келді».** – деді. Муслим риуаят еткен.

ҮШІНШІ ХАДИС

Әбу Абдур-Рахман Абдуллаһ ибн Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) былай деді: **Мен Аллаһ елшісінің ﷺ былай айтқанын естідім: «Ислам бес (тірекке) құрылған: "Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешқандай құдай жоқ және Мухаммад – Аллаһтың құлы және елшісі" екендігіне куәлік беру, намаз оқу, зекет беру, қажылық өтеу және рамазанда (айында) ораза тұту».** әл-Бұхари және Муслим риуаят еткен.

ТӨРТІНШІ ХАДИС

Әбу Абдур-Рахман Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқан: Біздерге Аллаһтың шыншыл және сенуге лайықты елшісінің ﷺ айтқаны бар: **«Шын мәнінде, әрқайсың анасының құрсағында қырық күн бойы ұрық тамшысы түрінде қалыптасады, сонан соң ол сонша уақыт ұйыған қан түрінде және сонша уақыт бір кесек ет тәрізді болады. Содан кейін періште жіберіледі де, оған үрлеп жан ендіреді. Ол төрт нәрсені жазуға бұйрылады: оның ризық-несібесін, ажалын, амалдарын және оның бақытты не бақытсыз болатынын. Өзінен басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ Аллаһпен ант етемін! Шын мәнінде, сендердің біреуің жаннатқа қолдың білегіндей қалғанша жаннаттықтардың амалын істеп келеді, содан кейін (маңдайына) жазылғаны алдынан шығады да, тозақтықтардың амалын істеп (тозаққа) кіреді. Сондай-ақ, шын мәнінде, сендердің біреуің тозаққа қолдың білегіндей қалғанша тозақтықтардың амалын істеп келеді, содан кейін (маңдайына) жазылғаны алдынан шығады да, жаннаттықтардың амалын істеп, (жаннатқа) кіреді».** әл-Бұхари және Муслим риуаят еткен.

БЕСІНШІ ХАДИС

Мүміндердің анасы Умму Абдуллаһ Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқан: **Аллаһ елшісі ﷺ айтты: «Кімде-кім біздің бұл ісімізге қатысы болмаған жаңалық енгізсе, ол қабыл етілмейді».** әл-Бұхари және Муслим риуаят еткен.

Муслим риуаятында: **Аллаһ елшісі (ﷺ) айтты: «Кімде-кім Біз бұйырмаған істі амалға асырған болса, онда ол іс (қабыл болмай) қайтарылады».**

АЛТЫНШЫ ХАДИС

Әбу Абдуллаһ Нуғман ибн Башир (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) былай баяндаған: **«Мен Аллаһ елшісінің ﷺ былай айтқанын естідім: «Ақиқатында, халал белгілі және харам белгілі, ал олардың арасында адамдардың көпшілігі білмейтін шүбәлі (күмәнді) нәрселер бар. Шүбәлі нәрседен сақтанған өз дінін және өз абыройын (сақтау) үшін (одан) арылады, ал шүбәмен айналысушы харамға да баратын болады. Өйткені ол эне-міне кіріп кеткелі тұрған қойларын қорық маңында бағып жүрген шопанға ұқсайды. Әр патшаның өз қорығы бар, ал Аллаһ тағаланың қорығы – (адамдарға) тыйым салғандары. Ақиқатында, адам денесінде бір кесек ет бар, ол жақсы болса, бүкіл дене жақсы болады, ол жаман болса, бүкіл дене жаман болады, шын мәнінде ол – жүрек».** әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен.

ЖЕТІНШІ ХАДИС

Әбу Руқайя Тәмим ибн Аус әд-Дариден (Аллаһ оған разы болсын) келген (хадисте): «(Бір күні) **Пайғамбар ﷺ айтты: «Дін – насихат (адалдық)». Біз: «Уа, Аллаһтың елшісі! Кімге қатысты?» – деп (сұрадық). Ол ﷺ: «Аллаһқа, Оның кітабына, Оның елшісіне және мұсылмандардың басшыларына, сондай-ақ, түгелдей барлық (мұсылмандарға) қатысты». Муслим риуаят еткен.**

СЕГІЗІНШІ ХАДИС

Ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) келген (хадисте): **Аллаһ елшісі ﷺ айтты: «Мен - Адамдардың Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екеніне және Мухаммад – Аллаһтың елшісі екеніне куәлік етіп, намаз оқып, зекет бергенге дейін - олармен соғысуға бұйырылдым, егер олар осыларды істесе өздерінің жандары мен мал-мүліктерін аман алып қалады, тек Ислам (дінінің) құқығынан басқа, ал (жасырғандары үшін) Аллаһ Тағаланың алдында есепке тартылады».** әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен.

ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

Әбу Һурайра Абдур-Рахман ибн Сахр (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «Мен Аллаһ елшісінің ﷺ айтқанын естідім: Ол ﷺ: **«Мен тыйым салғандардан аулақ болындар, ал мен бұйырғандардан шамаларың жеткенін орындандар, өйткені, шын мәнінде сендерге дейінгілерді көп сұрақтар қою мен пайғамбарларымен тартысулары опат қылды».** әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен.

ОНЫНШЫ ХАДИС

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «Аллаһ елшісі ﷺ айтты: «Ей, адамдар! Расында, Аллаһ – Пәк, сондықтан Ол тек пәк (таза) нәрсені ғана қабыл етеді. Шын мәнінде, Аллаһ елшілерге бұйырғанын мүміндерге де бұйырды. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: ﴿ Ей, елшілер! Таза ризықтардан жеңдер де, ізгі амал істеңдер ﴾,

﴿ Ей, иман келтіргендер! Ризықтандырғанымыздың жақсыларынан жеңдер ﴾.

Сонан соң (Пайғамбар ﷺ) үсті-басы шаң, шаштары ұйысқан, ұзақ жол жүріп келген қалпында қолдарын көкке (қарай) көтеріп: «Уа, Раббым! Уа, Раббым!» деп (қайталап) тұрған адам туралы: «Жегені харам, ішкені харам, кигені харам және хараммен азықтандырылған (асырап өсірілген) оның дұғасы қалайша қабыл болсын?!» – деп айтты». Муслим риуаят еткен.

ОН БІРІНШІ ХАДИС

Аллаһ елшісінің ﷺ немересі әрі сүйіктісі Әбу Мухаммад Хасан ибн Әли ибн Әбу Талиб (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): **«Мен Аллаһ елшісінің ﷺ: «Өзіңе күмәнді көрінгенді ешқандай күмән туғызбайтынның пайдасына тәрк ет!» – дегенін есімде сақтадым»,** – деген. ән-Насаи және әт-Тирмизи риуаят еткен. әт-Тирмизи бұл хадисті хасан сахих – деген.

ОН ЕКІНШІ ХАДИС

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: Аллаһ елшісі ﷺ айтты: **«Адамның Исламды жақсы ұстануының белгісі – оның өзіне қатысы жоқ нәрсені тастауы»**. Хасан хадис. әт-Тирмизи және басқалары риуаят еткен.

ОН ҮШІНШІ ХАДИС

Аллаһ елшісінің ﷺ қызметшісі Әбу Хамза Әнәс ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) келген (хадисте): **«Пайғамбар ﷺ былай деп айтқан: «Сендерден ешқайсың өзіне қалағанды бауырына да қаламайынша (толық) иман келтірмейді»».** әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен.

ОН ТӨРТІНШІ ХАДИС

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «Аллаһ елшісі ﷺ былай деп айтқан: **«Мұсылманның (мына) үш жағдайдан басқа кезде, қанын төгуге рұқсат етілмейді: Үйленген адам зина жасағанда, Біреуді жазықсыз өлтіргенде және Кімде-кім өз дінінен қайтып, қоғамнан шыққан (кезде)».** әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен.

ОН БЕСІНШІ ХАДИС

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) келген (хадисте): «Аллаһ елшісі ﷺ айтқан: **«Кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, жақсы сөз айтсын немесе үндемесін, кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, өз көршісіне құрмет көрсетсін, кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, қонағына құрмет көрсетсін».** әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен.

ОН АЛТЫНШЫ ХАДИС

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «Бір адам Пайғамбарға ﷺ: «**Маған өсиет (кеңес) бер!**» – деп өтінді. Ол ﷺ: «**Ашуланба!**» – деді. Осыдан кейін әлгі адам (өз сұрағын) бірнеше рет қайталады. (Бірақ Пайғамбар ﷺ әр жолы): «**Ашуланба!**» – деуден танбады». әл-Бұхари риуаят еткен.

ОН ЖЕТІНШІ ХАДИС

Әбу Яғла Шаддад ибн Аустан (Аллаһ оған разы болсын) келген (хадисте): **«Аллаһ елшісі ﷺ айтты: «Ақиқатында, Аллаһ әр нәрсені (іс амалды) жақсы істеуге бұйырған, егер өлтіру (керек болса), жақсы тәсілмен өлтіріңдер, тіпті мал соятын болсаңдар да жақсы орындандар, пышақты (жақсылап) қайрап, (сойылатын) малды азаптан құтқарыңдар».** Муслим риуаят еткен.

ОН СЕГІЗІНШІ ХАДИС

Әбу Зарр Жундуб ибн Жунада мен Әбу Абдур-Рахман Муғаз ибн Жәбәл (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) былай деген: «Аллаһ елшісі (ﷺ) айтқан: **«Қайда болсаң да Аллаһтан қорық (тақуалы бол), жаман істен кейін оны жоятын жақсы іс істе және адамдармен қарым-қатынас (мәміле) жасағанда жақсы мінез-құлық таныт»**. Бұл хадисті әт-Тирмизи риуаят етіп хасан – деген. Кейбір жерлерде бұл хадисті хасан сахих – деген.

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

Әбул-Аббас Абдуллаһ ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) былай деді: **«Бір күні мен Пайғамбармен (ﷺ) көлікте мінгесіп (келе жатқанымда) Ол (ﷺ) (маған) айтты: «Ей, бала! Мен саған бірнеше сөз үйретемін: Аллаһты (есінде) сақта, Ол сені сақтайтын болады, Аллаһты (есінде) сақта, сен Оны қарсы алдыңнан табатын боласың. Егер (бір нәрсе) сұрағың (келсе), Аллаһтан сұра, егер көмек сұрағың (келсе), Аллаһтан көмек сұра және біліп қой, егер үмбеттің (барлығы) жиылып саған қандай да бір пайда істегісі келсе, Аллаһ белгілеген нәрседе ғана пайда келтіре алады және олардың барлығы жиылып саған қандай да бір зиян жеткізгісі келсе, Аллаһ белгілеген істе ғана зиян жеткізе алады, өйткені, қалам әлдеқашан көтерілген, ал парақтар құрғаған».** Бұл хадисті әт-Тирмизи риуаят етіп хасан сахих – деген.

Басқа риуаятта: **«Аллаһты (есінде) сақта, сен Оны (қарсы) алдыңнан табатын боласың. Рахат кезінде (ізгі істермен) Аллаһты есіңе алғай, қиыншылыққа тап болғанда сені есіне алады. Біліп қой, әрі өзіңмен болған сәтсіздік саған жетпеген болса, ол саған жетпейді. Ал саған сәттілік жеткен болса, ол сенен айналып кетпейді.**

Біліп қой, сабырлықпен бірге жеңіс, қайғымен бірге қуаныш және қиыншылықпен бірге жеңілдік».

ЖИЫРМАСЫНШЫ ХАДИС

Әбу Масғуд Уқба ибн Амр әл-Ансари әл-Бадри (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Аллаһ елшісі ﷺ айтты: **«Шын мәнінде, адамдарға әуелгідегі пайғамбарлардан «ұялмасаң, қалағаныңды істе!» – деген сөз қалған».** әл-Бұхари риуаят еткен.

ЖИЫРМА БІРІНШІ ХАДИС

Әбу Амр (Әбу Амра) Суфиян ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: (Бір күні) **Мен: «Уа, Аллаһтың елшісі! Маған Ислам туралы сондай бір сөздер айт (одан кейін) Мен ол туралы өзге ешкімнен сұрамайтындай (болайын)», – дедім. Ол ﷺ: «Аллаһқа иман келтірдім де, содан соң туралықты ұстан», – деді». Муслим риуаят еткен.**

ЖИЫРМА ЕКІНШІ ХАДИС

Әбу Абдуллаһ Жәбир ибн Абдуллаһ әл-Ансари (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) былай баяндаған: «Бір адам Аллаһтың елшісінен ﷺ сұрады: **«Маған айтшы, егер мен парыз намаздарымды оқысам, рамазан кезінде ораза ұстасам және халалды халал, харамды харам деп біліп, осыларға ешнәрсе қоспасам, жаннатқа кіремін бе?»** – деді.

Пайғамбар ﷺ оған : **«Иә»**, – деп жауап берді». Муслим риуаят еткен. **«харамды харам»** – мағынасы: тәрк етіп алыс болуым. **«халалды халал»** – мағынасы: рұқсат етілген деген сеніммен істеуім.

ЖИЫРМА ҮШІНШІ ХАДИС

Әбу Мәлик Харис ибн Асим әл-Әшғари (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: **Аллаһ елшісі ﷺ айтты: «Тазалық – иманның жартысы, «Барлық мадақ Аллаһқа тән» (әл-хәмду лилләһ) (сөздері) таразыны толтырады, «Аллаһ Пәк және барлық мадақ Аллаһқа тән» (субханаллаһи уәл-хәмду лилләһ) (сөздері) көктер мен жердің арасындағы (кеңістікті) толтырады, Намаз – (ол) нұр, Садақа – (ол) дәлел, сабырлық – (ол) жарық сәуле, Құран – (ол) сен үшін немесе саған қарсы құжат. Барлық адам таңертең (өз шаруалары бойынша) шығады, сонда ол өз жанын сатушы, не оны құтқарушы не құртушы (болады)».** Муслим риуаят еткен.

ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ ХАДИС

Әбу Зарр әл-Ғифариден (Аллаһ оған разы болсын) келген (хадисте): «Пайғамбар ﷺ – Аса Қүдіретті де Ұлы Раббысынан риуаят етіп – айтты:

«Ей, Менің құлдарым! Шын мәнінде, Мен Өзіме зұлымдықты харам еттім және оны сендердің араларыңда да харам еттім, енді біріңе-бірің зұлымдық етпеңдер!

Ей, Менің құлдарым! Менің тура жолға салғандарымнан басқаларың түгелдей адасуда едіңдер, енді Менен тура жолға түсіруімді сұрандар, Мен сендерді тура жолға түсіремін!

Ей, Менің құлдарым! Мен тамақтандырғаннан басқаларың түгелдей аш едіңдер, енді Менен тамақтандыруымды өтініңдер, Мен сендерді тамақтандырамын!

Ей, Менің құлдарым! Мен киіндіргеннен басқаларың түгелдей жалаңаш едіңдер, енді Менен киіндіруімді өтініңдер, Мен сендерді киіндіремін!

Ей, Менің құлдарым! Расында, сендер күндіз-түні күнә істейсіңдер, ал Мен барлық күнәларды кешіремін, енді Менен кешірім өтініңдер, Мен сендерді кешіремін!

Ей, Менің құлдарым! Расында, сендер еш уақытта Маған зиян да, пайда да келтіре алмайсыңдар!

Ей, Менің құлдарым! Егер сендердің алғашқыларың мен соңғыларың, адамдар мен жындар, сендердің ең тақуаларыңның жүрегіндей тақуа болғанда да, Менің патшалығыма бұларың ешнәрсе қоса алмас еді!

Ей, Менің құлдарым! Егер сендерден алғашқыларың мен соңғыларың, адамдар мен жындар, сендердің ең күнәһарларыңның жүрегіндей күнәһар болғанда да, бұларың Менің патшалығымнан ешнәрсені азайта алмас еді!

Ей, Менің құлдарым! Егер сендердің алғашқыларың мен соңғыларың, адамдар мен жындар, бір жерде (жиылып) тұрып Менен (қандай да бір нәрсені) өтінсе, Мен олардың әрқайсысына сұрағанын берер едім, бұл Мендегі барды теңізге батырылып шыққан ине (теңіз суын) қаншалықты азайтса, соншалықты ғана азайтар еді!

Ей, Менің құлдарым! Расында, бұл – Мен есептеген сендердің амалдарың ғана, сонан соң сендерге сол (амалдарың) үшін толық баға беремін, сол кезде кім игілікке жетсе, Аллаһқа мадақ айтсын, ал кім басқа бір нәтижеге ие болса, оны тек қана өзінен көрсін!». Муслим риуаят еткен.

ЖИЫРМА БЕСІНШІ ХАДИС

Әбу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «(Бір күні) Аллаһ елшісінің ﷺ сахабалары қатарындағы адамдар Пайғамбарға ﷺ келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Барлық сауапты байлар алып кетті, өйткені олар біз сияқты намаз оқиды, біз сияқты ораза тұтады және өз байлықтарының артығынан садақа етіп таратады», – деді. (Пайғамбар ﷺ): **«Ал, Аллаһ сендер үшін садақа жасай алатын нәрсе дайындамады ма? Шынында, әрбір дәріптеу (субханаллаһ), әрбір ұлықтау (Аллаһу әкбар), әрбір мадақтау (әл-хәмду лилләһ) және әрбір «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ» (лә иләһә иллаллаһ) сөздерін айту, жақсылыққа үгіттеп, жамандықтан қайтару, тіпті сендердің әрқайсыларыңның (өз әйеліне жақындап) жыныстық қатынас жасауларың да сендер үшін садақа!»** – деп жауап қайтарды. (Адамдар): «Уа, Аллаһтың елшісі! Біздерден біреу өз шаһуат талабын қанағаттандырғаны үшін де сауап ала ма?» – деп сұрады. (Пайғамбар ﷺ): **«Айтындаршы, егер (сендерден біреу, өз шаһуат талабын) тыйым салған жолмен қанағаттандырса, күнә болмай ма? Демек,**

сол сияқты, оны халал жолмен қанағаттандырса да сауап алады!» – деді». Муслим риуаят еткен.

ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ ХАДИС

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: **«Аллаһ елшісі (ﷺ) айтты: «Адамдардың (тәніндегі) әрбір буынына күн шығатын әрбір күні садақа беруге тиіс: екі (адам) арасында (жанжал туындағанда) сенің әділ болуың – садақа және кісіге мініс көлігіне жәрдемдесуің, оны көлігіне демеп мінгізіп жіберуің немесе жүгін әперуің – садақа, сол секілді әрбір жақсы сөзің – садақа және намазға бара жатқандағы әр қадамың үшін де (саған) садақа (жазылады, адамдарға) зарар жеткізетін затты жолдан алып тастауың да – садақа».** Әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен.

ЖИЫРМА ЖЕТІНШІ ХАДИС

Наууас ибн Самған (Аллаһ оған разы болсын) келген (хадисте): **«Пайғамбар ﷺ айтты: «Игілік – көркем мінезділік, ал күнәһарлық – жаныңды тынышсыздандыратын күй және басқалардың бұл туралы білуін сен қаламайсың».** Муслим риуаят еткен.

Уабиса ибн Мағбад (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: **«(Бір күні) мен Аллаһ елшісіне ﷺ келдім, Ол ﷺ (менен): «Сен игілік пен күнәһарлық туралы сұрауға келдің бе?»** деп сұрады. Мен: **«Иә»,** – дедім. Ол ﷺ: **«(Бұл туралы) өз жүрегіңнен сұра, (өйткені) игілік – жан дүниең мен жүрегің тыныштық тапқан іс-әрекет, ал күнәһарлық – жан дүниеңе тыныштық бермей, көңілінде қобалжу тудыратын іс-әрекет, тіпті адамдар саған (талай рет) сенікі дұрыс десе де»,** - деп айтты». Имам Ахмад пен әд-Дәrimi хасан хадис – деген.

ЖИЫРМА СЕГІЗІНШІ ХАДИС

Әбу Нажих Ирбад ибн Сария (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «(Бір күні) Аллаһ елшісі ﷺ біздің жүрегімізге қорқыныш үрей әкелген, көзімізден жас ағызған уағыз-насихат айта бастады, сонда біз: «Уа, Аллаһтың елшісі! Бұл қоштасып тұрған (адамның) уағыз-насихатына ұқсайды, ендеше бізге өсиет айт!» – дедік. Ол ﷺ: **«Сендерге өсиетім: аса Құдіретті де Ұлы Аллаһтан қорқындар, басшыларың құл болса да оны тыңдандар және бағынындар. Сендерден кім (ұзағырақ) өмір сүрсе, ол көптеген талас-тартыстың куәсі болады, сондықтан сендер менің сүннетімнен және тура жолдағы шыншыл халифалардың сүннетінен (азу тіспен тістегендей) айырылмандар және (діннен болмаған) жаңалықтардан аулақ болындар, өйткені әрбір бидағат – адасушылық!»** – деді». Әбу Дәуд және әт-Тирмизи риуаят еткен. әт-Тирмизи бұл хадисті хасан сахих – деген.

ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

Муғаз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «(Бір күні) Мен: «**Уа, Аллаһтың елшісі! Мені жаннатқа кіргізетін және тозақтан алыстататын амал (туралы) хабар бер!**» – дедім. (Пайғамбар ﷺ): **«Сен ұлы мәселе туралы сұрадың. Ақиқатында, Аллаһ тағала кімге нені жеңілдеткен болса, ол үшін сол жеңіл болады. Аллаһқа құлшылық қыл және Оған еш нәрсені серік қоспа, намаз оқы, зекет бер, рамазан айында ораза тұт және Үйге (Қағбаға) қажылық жаса!»** – деді. Сонан соң Ол ﷺ: **«Саған игілік қақпаларының (қайда екенін) айтайын ба? Ораза – қалқан, садақа, отты өшіретін су сияқты күнәларыңды өшіреді және адамның түн ортасындағы намазы»,** – деді. Осыдан кейін: **{ Олардың жамбастары төсектерінен ажырап (түнде ұйқыдан тұрып), Раббыларына қорқа-үміттеніп жалбарынады. Сондай-ақ олар берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды. Және ешкім істеген амалдары үшін өздеріне қандай жасырын сақтаулы қуанышты сыйлық (бар екенін) білмейді }** - (Сәжде сүресінің 16-17 аяттарын) оқыды.

Сонан соң Ол ﷺ: **«Саған бұл істің басы мен тірегі және шыңы туралы хабар берейін бе?»** – деді.

Мен: «Әрине, уа, Аллаһтың елшісі!» – дедім. Ол ﷺ: **«Бұл істің басы – Ислам, тірегі – намаз, ал шыңы – жиһад»** – деді. Сонан соң Ол ﷺ: **«Осының бәрінің басты (негізгі) бөлігі туралы хабар берейін бе?»** – деді. Мен: «Әрине, уа, Аллаһтың елшісі!» – дедім. Сол кезде ол өзінің тілін көрсетті де: **«Саған мынаны тыю керек!»** – деді. Мен: «Уа, Аллаһтың елшісі! Айтқан сөздеріміз үшін шынымен жауап береміз бе?» – дедім. Ол ﷺ: **«Анаң артында қалсын, адамдарды өсек-аяң сөздерінен басқа нәрсе үшін жүздерін немесе танауларын отқа қаратып тозаққа тастаушы ма еді?!»** – деді». Бұл хадисті әт-Тирмизи риуаят етіп хасан сахих – деген.

ОТЫЗЫНШЫ ХАДИС

Әбу Сағлаба әл-Хушани Журсум ибн Нәширден (Аллаһ оған разы болсын) келген (хадисте): **Аллаһ елшісі ﷺ айтты: «Ақиқатында, Аллаһ тағала парыздар (діни міндеттер) жүктеді, ендеше оларды елеусіз қалдырмандар және межелер белгіледі, ендеше олардың шегінен шықпандар және кейбір амал-әрекеттерді харам етті, (оларды) бұзбандар және кейбір істер туралы ұмытқандығынан емес, Өз құлдарына мейірімділігі себепті айтпады, ендеше олар туралы қазбаламандар».** Хасан хадис, әд-Дәрәкутни және басқалары риуаят еткен.

ОТЫЗ БІРІНШІ ХАДИС

Әбул-Аббас Сәһл ибн Сағд әс-Сағиди (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «(Бірде) Пайғамбарға ﷺ бір адам келді де: **«Уа, Аллаһтың елшісі! Маған бір амалды айтшы, оны орындасам, Мені Аллаһ сүйетін және адамдар жақсы көретін»,** – деді. (Сонда Пайғамбар ﷺ): **«Мына дүниеден баз кеш, сонда сені Аллаһ жақсы көреді және адамдардың қолындағыға қызықпа, сонда сені адамдар жақсы көреді»** – деді». Хасан хадис, ибн Мәжә және басқалары риуаят еткен.

ОТЫЗ ЕКІНШІ ХАДИС

Әбу Саъид Саъд ибн Мәлик ибн Синан әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі ﷺ: **«(Себепсіз де) зарар жеткізуге болмайды, (жауап ретінде де) зарар жеткізуге болмайды!»** – деді» – деген. Хасан хадис, әд-Дәрәкутни және ибн Мәжәриуаят еткен.

ОТЫЗ ҮШІНШІ ХАДИС

Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) келген (хадисте): «Аллаһ елшісі ﷺ былай деп айтқан: **«Егер адамдарға (тек қана) олардың талап етуі негізінде берілетін болса, онда олардың кейбіреуі басқалардың дүние-мүлкі мен өміріне міндетті түрде қастандық жасайды, (сондықтан) талап етуші дәлел келтіруі керек, ал теріске шығарушы ант ішуі керек».** Хасан хадис. әл-Бәйһәқи және басқалары риуаят еткен. Осы хадистің кейбірі екі «Сахихта» келтірілген.

ОТЫЗ ТӨРТІНШІ ХАДИС

Әбу Саъид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) келген (хадисте): «Аллаһ елшісінің ﷺ былай айтқанын естідім: **«Сендерден кім (мункарді) теріс істі көрсе, оны қолымен өзгертсін, егер ол бұлай ете алмаса, тілімен (өзгертсін), ал егер мұны да істей алмаса, онда жүрегімен (өзгертсін, алайда) бұл – иманның ең әлсіз көрінісі болады».** Муслим риуаят еткен.

ОТЫЗ БЕСІНШІ ХАДИС

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Аллаһ елшісі ﷺ айтты: **«Біріңді-бірің күндемендер, бағаны көтермендер, өшпенділікте болмандар, біріңе-бірің теріс қарамандар, бір-біріңнің саудаларыңды бұзбандар. Ей, Аллаһтың құлдары! Біріңе-бірің бауыр болыңдар, өйткені мұсылман мұсылманға бауыр; ол (мұсылман) оған (мұсылман бауырына) зұлымдық істемейді, алдамайды, төмен санамайды (кемітпейді), ал тақуалық осында. (Аллаһ елшісі ﷺ өз көкірегіне үш рет (қолымен) көрсетті). Адамда жаман сипаттың болуына, өз мұсылман бауырын төмен санауы (менсінбеуі) жеткілікті. Мұсылманның қаны, дүние мүлкі және ар-намысы басқа мұсылман үшін харам».** Муслим риуаят еткен.

ОТЫЗ АЛТЫНШЫ ХАДИС

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) келген (хадисте): **«Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім, мүмінді бұл дүниенің уайым-қайғыларының бірінен құтқарса, Аллаһ оны Қиямет күнгі уайым-қайғылардың бірінен құтқарады. Кім қарызынан құтыла алмайтын адамның жағдайын жеңілдетсе, Аллаһ оның жағдайын бұл дүниеде де, Ақыретте де жеңілдетеді. Кім мұсылманды жасырса (яғни бір мұсылманның шарифатқа қайшы іс істегенін немесе айып кемшіліктерін көргенде басқаларға айтпаса), Аллаһ оны бұл дүниеде де, Ақыретте де жасырады және Аллаһ құлына ол өз бауырына жәрдем бергенін тоқтатқанша жәрдем береді. Кім білім іздеп бір жолға түссе, Аллаһ оның жаннатқа барар жолын жеңілдетеді. Қандай да топ адамдар Аллаһтың Кітабын бәрі бірге оқып-үйрену үшін, Аллаһтың үйлерінің біріне жиналса, оларға міндетті түрде тыныштық түседі және оларды мейірім орап алады, оларды періштелер қоршайды және Аллаһ оларды Өзінің құзырындағыларға айтып мақтанады, ал кімнің амалдары баяу болса, оны шыққан тегі жылдамдата алмайды».** Муслим риуаят еткен.

ОТЫЗ ЖЕТІНШІ ХАДИС

Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) келген (хадисте): «Аллаһ елшісі ﷺ – Аса Қүдіретті де Ұлы Раббысынан риуаят етіп – айтты: **«Расында, Аллаһ Тағала жақсы және жаман істерді жазды, сонан соң түсіндірді: «Кім жақсы іс істеуді ниет етсе, бірақ орындамаса, Аллаһ Өз қасында толық бір жақсы іс (орындалғанын) жазады; егер (адам жақсы іс істеуді) ниет етіп, оны орындаса, Аллаһ оған Өз қасында оннан жеті жүзге дейін және одан да көп жақсы істерді жазады; кім бір жаман істі істеуді ниеттенсе, бірақ оны орындамаса, Аллаһ Өз жанында толық бір жақсы іс (орындалғанын) жазады, ал егер ол (жаман іс істеуге) ниеттенсе және оны орындаса, Аллаһ (оған) бір жаман іс жазады».** әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен.

ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ ХАДИС

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «Аллаһ елшісі ﷺ айтты: **«Шын мәнінде, Аллаһ Тағала былай деп айтқан: «Маған жақын болғандармен жауласқанға Мен соғыс жариялаймын! Менің құлым, пендем Маған жақын болу үшін не істесе де, олардың Маған ең сүйкімдісі, Мен оған парыз қылған амалдар және оны жақсы көрмейінше Маған нәпіл ғибадаттармен жақындап келе береді, ал қашан Мен оны жақсы көрсем, оның еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы, жүретін аяғы боламын. Ол Менен сұраса, оған міндетті түрде сұрағанын беремін, ал егер ол Менен пана сұраса, оны міндетті түрде қорғаймыні».** әл-Бұхари риуаят еткен.

ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) келген (хадисте): Аллаһ елшісі ﷺ былай деп айтқан: **«Шын мәнінде, Аллаһ менің үмбетімнің (мүшелеріне) қателесу мен ұмытшақтық себепті және мәжбүрлікпен істеген (істерін) кешіреді».** Хасан хадис. Ибн Мәжә, әл-Бәйһәқи және басқалары риуаят еткен.

ҚЫРЫҚЫНШЫ ХАДИС

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) былай деген: «(Бір күні) Аллаһтың елшісі ﷺ менің екі иығымнан ұстады да: **«Бұл дүниеде бөтен адамдай немесе жолаушыдай бол!»** – деді».

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) былай деп айтатын: **«Егер кешке дейін өмір сүрсең, таңға жетем деп ойлама, ал егер таңға дейін өмір сүрсең, кешке жетем деп ойлама және денсаулығыңнан ауруыңа (қажеттіні) ал, өміріңнен өліміңе (қажет нәрсені) ал».** әл-Бұхари риуаят еткен.

ҚЫРЫҚ БІРІНШІ ХАДИС

Әбу Мухаммад Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Ас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) былай деген: **«Аллаһ елшісі ﷺ айтты: «Сендердің ешбірің, көңіл қалауы маған келген нәрсеге ілеспейінше, иманға келмейді».** Сахих хадис. Оны «Хужжа» кітабынан сахих иснадымен риуаят еткенбіз.

ҚЫРЫҚ ЕКІНШІ ХАДИС

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: **Мен Аллаһ елшісінің ﷺ былай айтқанын естідім: «Аллаһ Тағала айтты: «Ей, Адам баласы! Расында, сен Маған жалбарынуың маған үміт артуынды тоқтатқаныңа дейін сен қандай (күнәлар жасаған болсаң да) оған назар аудармай сені кешіремін!**

Ей, Адам баласы! Егер сен көктегі бұлттарға жетерлік күнәлар жасасаң да, содан соң Менен кешірім сұрасаң, Мен сені кешіремін!

Ей, Адам баласы! Егер Менен басқа ешкімге серік етіп табынбаған күйде Маған жер бетін түгел (толтыратын) күнәлармен келіп жолықсаң, міндетті түрде саған (барлық күнәнді жуатын) дәл сондай кешіріммен келемін». әт-Тирмизи риуаят етіп оны хасан хадис – деген.

ҚЫРЫҚ ҮШІНШІ ХАДИС

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) былай деді: Аллаһ елшісі ﷺ айтты: **«Мұраны өз иелеріне беріндер! Ал (мұраның) қалғаны (өліктің) жақын туыс ер адамына тиесілі»**. әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен.

(Бұл хадистен бастап ибн Ражабтың елу хадиске дейін қосымша хадистері басталады.)

ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ ХАДИС

Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) келген (хадисте): **«Пайғамбар ﷺ былай айтқан: «(Бір әкеден немесе бір анадан) дүниеге келу жолымен харам (туыс) болғандай, емізу жолымен де харам (туыс) болады».** әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен.

ҚЫРЫҚ БЕСІНШІ ХАДИС

Жәбір ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың елшісінен ﷺ естігенін баяндаған: Аллаһ елшісі ﷺ фатх жылы меккеде болған кезінде былай деп айтқаны бар: **«Расында, Аллаһ Тағала мен Оның елшісі арақ-шарапты, өлікті, шошқаны және пұттарды сатуды харам етті».**

Одан ﷺ сұрады: Уа, Аллаһтың елшісі! Өліктің майымен кемелерді сырлайды, терілерді майлайды және адамдар оны майшамға қолданады. Осы туралы не айтасыз? Ол ﷺ: **Жоқ, (қолдануға болмайды) ол харам.**

Сол кезде Аллаһтың елшісі ﷺ: **«Аллаһ Тағала яһудилерді өлтірсін! Ақиқатында, Аллаһ Тағала оларға майларды харам еткен кезде олар оны әшекейлеп кейін сатып пайдасын жеді.»** — деп айтты. әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен.

ҚЫРЫҚ АЛТЫНШЫ ХАДИС

Әбу Бурдадан оның әкесі Әбу Мусә әл-Әшъәриден (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) былай деген: **«Оны Пайғамбар ﷺ Йеменге жіберер кезде, олардың қолдан жасап ішетін ішімдіктері (шараптары) туралы сұрадым».** — деген. Ол ﷺ: **«Ол не?»** — деп сұрады. Ол: **«Битғ және Мизр»,** — деп аталатын шараптары.

Әбу Бурдадан: **«Битғ деген не?»** — деп сұрады. Ол: **«Балдан жасалған шарап, ал Мизр – бидайдан жасалған шарап»,** — деді.

(Аллаһтың елшісі ﷺ) айтты: **«Мас қылатынның барлығы харам».** әл-Бұхари риуаят еткен.

ҚЫРЫҚ ЖЕТІНШІ ХАДИС

Микдәд ибн Мәъди кәриб (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: **Мен Аллаһ елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естідім: «Ешқандай адам асқазанынан асқан қатерлі ыдыс толтырмаған. Әлбетте, адам баласы өзін еркін алып жүруі үшін жейтін тамағы жетеді. Алайда, адамның тойып жеуі қажет болса, онда асқазанының үштен бірін тамақтануға, үштен бірін суға, үштен бірін тыныс алу үшін бөлсін».** Имам Ахмад, әт-Тирмизи, ән-Нәсәи, ибн Мәжә риуаят еткен және әт-Тирмизи оны хасан хадис —деген.

ҚЫРЫҚ СЕГІЗІНШІ ХАДИС

Абдуллаһ ибн Амрдан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) келген (хадисте): «Пайғамбар ﷺ былай деп айтқан: **«Нағыз мұнафиқтың төрт сипаты бар, егер (адамда) осы төртеудің бірі бар болса, онда оның бойында мұнафиқтың белгісі болғаны, одан арылғанға дейін. Олар: аманатқа қиянат жасайды, сөйлесе өтірік айтады, уәдесін орындамайды және тартысса дау шығарады».** Әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен.

ҚЫРЫҚ ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС

Омар ибн әл-Хаттабтан (Аллаһ оған разы болсын) келген (хадисте): «Пайғамбар ﷺ былай деп айтқан: **«Егер Аллаһқа нық тәуекел етсеңдер, онда Ол сендерге таңертең қарындары қабысып шығып, кешке қампайып қайтатын құстарды ризықтандырғанындай ризық берер еді»**. Имам Ахмад, әт-Тирмизи, ән-Нәсәи, ибн Мәжә, ибн Хиббан өзінің сахихында, Хәким риуаят еткен және әт-Тирмизи хадисті хасан сахих деген.

ЕЛУІНШІ ХАДИС

Абдуллаһ ибн Буср (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Бір кісі Пайғамбарға ﷺ келіп: «**Уа, Аллаһтың елшісі! Расында ислам заңдары (белгіленген нәпіл құлшылықтар) бізге көп, Оның барлығын қамтитын (ұстануымызға жеңіл болатын бір) амалын көрсетші?»** Ол ﷺ: **«Тілің Аллаһ Тағаланы (үнемі еске алып) зікір етуден құрғамасын».** Имам Ахмад (бұл хадисті) осы сөзбен жеткізді.

Сондай-ақ, әт-Тирмизи, ибн Мәжә, ибн Хиббан өзінің сахихында осы хадисті осындай мағынада риуаят етті. әт-Тирмизи бұл хадисті хасан ғориб деді. Барлығы бұл хадисті Амр ибн Қайстан, Абдуллаһ ибн Бусрдан риуаят етті.

Ал, ибн Хиббан өзінің сахихында және басқалары Муаз ибн Жәбәлдан риуаят етті. Муаз (Аллаһ оған разы болсын) айтты: «Аллаһ Елшісін ﷺ соңғы рет көргенімде мен оған былай дедім: «Амалдардың ең жақсысы әрі Аллаһқа ең жақыны қандай?» Сонда Ол ﷺ: **«Өлгенге дейін тілің Аллаһ Тағаланы зікір етуден құрғамасын!»** – деді».

Кітап мазмұны


КІРІСПЕ	5
Мәтіндерді жаттаудағы ең жеңіл жол.....	9
Мәтіндерді қайталаудағы ең жеңіл жол	11
Мәтіндерге ұсынылатын түсініктемелер:.....	13
Оқуға ұсынылатын кітаптар	14
Мұсылманшылықты бұзатын нәрселер	15
Төрт ереже	21
Бірінші ереже.....	25
Екінші ереже.....	26
Үшінші ереже	29
Төртінші ереже	34
Қабірде қойылатын үш сұрақтың жауабы	35
БІРІНШІ НЕГІЗ	42
ЕКІНШІ НЕГІЗ	50
ҮШІНШІ НЕГІЗ	58
Ислам дінінің негіздері мен оның үкімдерінің қағидалары.....	67
БІРІНШІ ХАДИС	69
ЕКІНШІ ХАДИС	70
ҮШІНШІ ХАДИС	73
ТӨРТІНШІ ХАДИС	74
БЕСІНШІ ХАДИС.....	75
АЛТЫНШЫ ХАДИС.....	76

ЖЕТІНШІ ХАДИС.....	77
СЕГІЗІНШІ ХАДИС	78
ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС.....	79
ОНЫНШЫ ХАДИС	80
ОН БІРІНШІ ХАДИС	81
ОН ЕКІНШІ ХАДИС	82
ОН ҮШІНШІ ХАДИС	83
ОН ТӨРТІНШІ ХАДИС	84
ОН БЕСІНШІ ХАДИС	85
ОН АЛТЫНШЫ ХАДИС	86
ОН ЖЕТІНШІ ХАДИС.....	87
ОН СЕГІЗІНШІ ХАДИС	88
ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС.....	89
ЖИЫРМАСЫНШЫ ХАДИС	91
ЖИЫРМА БІРІНШІ ХАДИС.....	92
ЖИЫРМА ЕКІНШІ ХАДИС	93
ЖИЫРМА ҮШІНШІ ХАДИС	94
ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ ХАДИС	95
ЖИЫРМА БЕСІНШІ ХАДИС	97
ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ ХАДИС	99
ЖИЫРМА ЖЕТІНШІ ХАДИС	100
ЖИЫРМА СЕГІЗІНШІ ХАДИС.....	101
ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС	102
ОТЫЗЫНШЫ ХАДИС	104
ОТЫЗ БІРІНШІ ХАДИС	105
ОТЫЗ ЕКІНШІ ХАДИС	106

ОТЫЗ ҮШІНШІ ХАДИС	107
ОТЫЗ ТӨРТІНШІ ХАДИС	108
ОТЫЗ БЕСІНШІ ХАДИС.....	109
ОТЫЗ АЛТЫНШЫ ХАДИС.....	110
ОТЫЗ ЖЕТІНШІ ХАДИС.....	111
ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ ХАДИС	112
ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС.....	113
ҚЫРЫҚЫНШЫ ХАДИС	114
ҚЫРЫҚ БІРІНШІ ХАДИС.....	115
ҚЫРЫҚ ЕКІНШІ ХАДИС	116
ҚЫРЫҚ ҮШІНШІ ХАДИС.....	117
ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ ХАДИС	118
ҚЫРЫҚ БЕСІНШІ ХАДИС	119
ҚЫРЫҚ АЛТЫНШЫ ХАДИС	120
ҚЫРЫҚ ЖЕТІНШІ ХАДИС	121
ҚЫРЫҚ СЕГІЗІНШІ ХАДИС.....	122
ҚЫРЫҚ ТОҒЫЗЫНШЫ ХАДИС	123
ЕЛУІНШІ ХАДИС	124
Кітап мазмұны	125

«Білім талапкерінің баспа және тарату ұйымы»

00966506090448



БІЛІМ ТАЛАПКЕРІНІҢ МӘТІНДЕРІ

Бастауыш деңгей	◇ Зікірлер мен Әдептер
Бірінші деңгей	◇ Үш негіз және оның дәлелдері ◇ Төрт ереже ◇ Мұсылманшылдықты бұзатындар ◇ Имам ән-Нәуауидің қырық хадисі
Екінші деңгей	◇ Құран тәжүиді ◇ Намазды дұрыс оқу ◇ Таухид кітабы
Үшінші деңгей	◇ Байқуния хадис терминологиясы ◇ Әбу Ишақ әл-Илбири ◇ Әл-Әджуррумия араб тілі грамматикасы ◇ Уасатия ақидасы
Төртінші деңгей	◇ Әл-Уарақат усул фиқһ ережелері ◇ Әл-Хикам ◇ Әр-Рахабия мирас ілімі ◇ Әт-Тахауия ақидасы
Бесінші деңгей	◇ Булуғ әл-Марам ◇ Зад әл-Мустақниғ ◇ Ибн Мәликтің Әлфиясы
Алтыншы деңгей	◇ Екі сахих кітабының жинағы ◇ Әл-Бухари мен Муслимда жеке келген хадистер ◇ Екі сахих кітабына қосымша келген хадистер